

*Мамандандырылған  
тоқсандық  
басылым*

2000 жылдан бастап  
шығады

Басшы кітапханасы



**ЖАЗЫЛУ  
ИНДЕКСТЕРІ:**

75668 – қазақ тілінде;

75669 – орыс тілінде

**Құрылтайшы:**

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі  
Азаматтық қорғау республикалық  
оқу - әдістемелік орталығы

**Редакциялық кеңес:**

Е. Н. Мельников

Б. К. Еңсебаев

Б. О. Бұлыбаева

М.Б. Айнабекова

А.У. Нусипжанова

*«Надежда 2050» ЖШС баспаханасында  
басылған. Көкшетау қаласы,  
Баймұқанов көшесі, 3.  
Тапсырыс № 1751, Таралымы 240 дана*

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрлігінде 10.04.2012 жылы  
№ 12678-Ж тіркелінген

**НӨМІРДЕ:**

- ♦ Редакция алғыс сөзі .....2
- ♦ Республика аумағында 2020ж. алты айында болған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы шолу ақпарат.....3
- ♦ «Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидалары» ҚР ПМ 2.07.2020ж. №494 бұйрығы....7
- ♦ Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылатын ұйымдар критерийлары.....68
- ♦ Оқу барысында күзет-өрт дабылын қолдану .....74
- ♦ Айдар: «Сұрақтар мен жауаптар».....78
- ♦ Біздің оқырмандарымыздың пікірлері! .....83
- ♦ Психологтың ТЖ болған кездегі жұмыс тәжірибесінен .....85
- ♦ Азаматтық қорғау бойынша оқу құралы (2-кітап).....92

**Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылған ұйым басшылары мен қауіпті өндірістік ілердің басшыларына**

Коронавирус пандемиясына байланысты, Азаматтық қорғау бойынша басшы құрамды және қауіпті өндірістік ілердің мамандары мен АҚ бойынша санатқа жатқызылған ұйымдар үшін Азаматтық қорғаныс бойынша семинар — тренинг онлайн түрінде жүргізіледі.

Бұл форматта оқыту, карантиндік іс-шаралардың нәтижесінде шығынға ұшыраған бизнес ілері үшін экономикалық тұрғыдан тиімді (көлік шығыны, сонымен қатар тұруына және астануына шығын қажет емес).

АҚ РОҚО ұжымы, Орталықтың еліміздегі қауіпті өндірістік объектілерді азаматтық қорғау бойынша кәсіпорындарымен және ұйымдарымен, Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылған ұйымдармен жылдар бойы қалыптасқан іскерлік қызметі сәтті жалғасын табады деп үміттенеді.

Онлайн оқыту бойынша толық ұйымдасқан-техникалық ақпаратты Орталық телефондары арқылы алуға болады:

тел.: 8(727) 274-64-26,

8(727) 394-56-36,

8705-301-73-01,

8775-251-25-95,

электронды пошта: [kursy@bk.ru](mailto:kursy@bk.ru); [kursy@emer.kz](mailto:kursy@emer.kz); [gz\\_center@mail.ru](mailto:gz_center@mail.ru)

сайт: < [www.tg-ok.kz](http://www.tg-ok.kz) >

*Құрметпен,*

*ҚР ТЖМ «Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы» ЖШС ұжымы*

**РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНДА  
2020 ЖЫЛДЫҢ АЛТЫ АЙЫН-  
ДА БОЛҒАН ТАБИҒИ ЖӘНЕ  
ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ  
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР  
ТУРАЛЫ ШОЛУ АҚПАРАТ**



«112» бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі пультына халықтан 3 047 885 қоңырау келіп түсті.

*Уақытында ден қою шаралары қабылданды:*

- *өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бөлімшелері және Республикалық жедел-құтқару жасағы* **8 049** адамды құтқарды, **11 011** адамды эвакуациялады, **58** зардап шеккенге алғашқы медициналық көмек көрсетті, ТЖ орындарынан **207** адам денесін шығарды, **31 330** дабыл бойынша шығу жасады соның ішінде **5 357** - өрт, **4 963** - авариялық-құтқару жұмыстары, **18 634** - өрт ретінде есепке алынбайтын жану, **40** - көрінеу жалған шақырту, **951** расталмаған жану фактілері, **1385** басқалар;

- *«Апаттар медицинасы орталығы»* ММ **1 992** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті, **1 445** адамды құтқарды, **682** адамды эвакуациялады, **1 945** шығу жасады, оның ішінде трассалық медициналық-құтқару пункттері **464** шығу жасады, **523** адамды эвакуациялады, **1014** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті.

*Ұйымдар мынадай іс-шаралар өткізді:*

- *«Қазавиақұтқару»* АҚ әуе кемелері іздеу-құтқару жұмыстарына, өрттерді сөндіруге қатысу, жеке құрамды жеткізуге және басқа тапсырыстар бойынша **782** ұшу сағатын жасады, оның ішінде санитариялық авиация бағыты бойынша **267** ұшу жасады, **268** адам тасымалдады.

- *«Өрт сөндіруші»* АҚ **12** адамды құтқарды және эвакуациялады, **279** шығу жасады, соның



ішінде **79** өрт сөндіру, **26** авариялық-құтқару жұмыстарын өткізді, **174** жануды жойды.

Мемлекет басшысының бизнеске қысымды төмендету бойынша тапсырмасын іске асыру мақсатында өрт қауіпсіздігі саласында бақылау тек жоғары тәуекел дәрежесіндегі ілерге қатысты енгізілген және ерекше тәртіпте өткізіледі. Бақылау-профилактикалық қызмет шеңберінде өртке қарсы жай-күйіне **9 833** тексеріс жүргізілді, **31 155** бұзушылық анықталды, **6 993** адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, соның ішінде **1 474** лауазымды тұлғаға **50,4 млн. теңге** сомасында айыппұл салынды.

Халықты оқыту және хабар беру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында **33 542: 3428** - телевизия арналарында, **7512** - баспа басылымдарында, **7893** - радиода, **6 342** - ақпараттық агенттіктер таспаларында, **8 367** - ведомстволық веб-сайттарда сөз сөйлеулер өткізіліп, материалдар жарияланды.



Кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің ТЖ-ға қабылданған алдын алу және уақтылы ден қою алдын ала шараларының арқасында 2019 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда оқиға саны **9,6%-ға (657 оқиғаға)**, бірақ бұл ретте зардап шеккендердің саны **11,1 есеге (14 103 адамға)**, қаза болғандар саны **3,3% (11 адамға)**, материалдық нұқсан **2,3 есеге (1 591 млн.теңгеге)** өскені байқалады.

**6 156** табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ және оқиғалар тіркелген, **15 504** адам зардап шеккен, соның ішінде **346** адам қаза болды, материалдық нұқсан **2 809,1 млн.теңгені** құрады.

Облыстар бөлігінде қалыптасқан және жалпыланған көрсеткіштер мынадай ахуалды сипаттайды (2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда):

- *ТЖ саны мына облыстарда:* Ақтөбе **33,4%-ға** (2019ж. - 425), Алматы **31,7%-ға** (2019ж. - 701), Түркістан **24,2%-ға** (2019ж. - 310), Қарағанды **23,7%-ға** (2019ж. - 763), Қостанай **20,5%-ға** (2019ж. - 599), Солтүстік

Қазақстан **17,9%-ға** (2019ж. - 390), Жамбыл **17%-ға** (2019ж. - 323), Нұр-Сұлтан қаласында **14,6%-ға** (2019ж. - 321) қысқарды;

- зардап шеккендер саны мына облыстарда: Ақтөбе **73%-ға** (2019ж. - 37), Түркістан **70,5%-ға** (2019ж. - 149), Қостанай **59,2%-ға** (2019ж. - 71), Қарағанды **22,9%-ға** (2019ж. - 48), Алматы қаласында **68,5%-ға** (2019ж. - 54) азайды;

- қаза болғандар саны мына облыстарда: Жамбыл **91,2%-ға** (2019ж. - 34), Қызылорда **68,4%-ға** (2019ж. - 19), Ақтөбе **62,5%-ға** (2019ж. - 8), Алматы **57,8%-ға** (2019ж. - 45), Түркістан **56,5%-ға** (2019ж. - 23), Қарағанды **33,3%-ға** (2019ж. - 24), Қостанай **20%-ға** (2019ж. - 20), Алматы қаласында **33,3%-ға** (2019ж. - 9) азайды.

*Сонымен бірге басқа өңірлерде:*

- ТЖ саны облыстарда: Шығыс Қазақстан **26,9%-ға** (2019ж. - 828), Павлодар **15,9%-ға** (2019ж. - 503), Шымкент қаласында **46,2%-ға** (2019ж. - 13) өскені;

- зардап шеккендердің саны мына облыстарда: Батыс Қазақстан **30,9** есеге (2019ж. - 48), Маңғыстау **28,4** есеге (2019ж. - 18), Атырау **21,7** есеге (2019ж. - 76), Павлодар **19,4** есеге (2019ж. - 54), Ақмола **15,1** есеге (2019ж. - 34), Алматы **10,6** есеге (2019ж. - 188), Нұр-Сұлтан қаласында **32,2** есеге (2019ж. - 120) ұлғайғаны байқалады;

- қаза болғандар саны мына облыстарда: Батыс Қазақстан **3,8** есеге (2019ж. - 4), Павлодар **2** есеге (2019ж. - 23), Шымкент қаласында **46,2%-ға** (2019ж. - 13) көбейді.

**ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ** жалпы ТЖ санынан **91,2%-ды** құрады, **5 612** оқиға тіркелді (**10,2%-ға** азайды), бұл ретте **371** адам зардап шеккен (**63,9%-ға** азайды), соның ішінде **196** адам қаза болды (**40,6%-ға** азайды).

Техногендік сипаттағы жағдайлардың негізгі үлесі өндірістік және тұрмыстық өрттерге (94,3%) тиесілі, 2020 жылдың алты айында **5 292** өрт болды (**11,7%-ға** азайды), **299** адам зардап шеккен



(15,8%-ға азайды), соның ішінде 169 адам қаза болды (5,6%-ға көбейді), материалдық нұқсан 933,2 млн. теңгені (18,4%-ға азайды) құрады.

*Өрттер саны мына облыстарда:* Ақтөбе 32,9%-ға (2019ж. - 419), Алматы 27,9%-ға (2019ж. - 616), Қостанай 25,7%-ға (2019ж. - 576), Қарағанды 23,7%-ға (2019ж. - 747), Солтүстік Қазақстан 22,5%-ға (2019ж. - 378), Батыс Қазақстан 11,9%-ға (2019ж. - 261), Нұр-Сұлтан қаласында 11%-ға (2019ж. - 301) қысқарды.

*Өрт саны мына облыстарда:* Шығыс Қазақстан 23,7%-ға (2019ж. - 742), Түркістан 13,6%-ға (2019ж. - 162), Қызылорда 11,3%-ға (2019ж. - 247) өскені байқалды.

*Өрт туындайтын негізгі ілер:* 64,5% тұрғын үй секторы, 15,2% көлік құралдары, 5,5% ормандар, 5,1% басқа ашық аумақтар, 3,3% сауда кәсіпорындары, 1,9% өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, 1,3% әкімшілік-қоғамдық ғимараттар, 0,8% салынып жатқан ілер мен құрылыс алаңы жатады.

*Өрттің пайда болуының таралған себептері:* 41,1% отты абайсыз қолдану, 28,5% электр жабдықтарын техникалық пайдалану және монтаждау қағидаларын бұзу, 12,8% пештерді орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 5,6% анықталған әдейі өртеу, 3,6% тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, 2,1% балалардың отпен ойнауы болып табылады.

## ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР

ТЖ-ның жалпы санынан 8,8% құрады, 2020 жылдың алты айында 544 оқиға тіркелді (3,9%-ға ұлғайды), оның ішінде 15 133 адам зардап шекті (40,7 есеге көбейді), соның ішінде 150 адам қаза болды (30 есеге көбейді). Зардап шеккендердің және қаза болғандардың санының көбеюі негізгі себебі коронавирустық инфекцияның таралуы.



## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР**

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2020 жылғы 2 шілдедегі  
№ 494 бұйрығымен  
бекітілген

### **ХАЛЫҚҚА ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРҒА ХАБАР БЕРУ, БІЛІМДІ НАСИХАТТАУ, ОҚЫТУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 1-тармағының 70-13) тармақшасына сәйкес әзірленді және халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту тәртібін айқындайды.

2. Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы басқару органдарының мамандарына хабар беру, білімді насихаттау, оқыту азаматтық қорғау іс-шараларын ұйымдастыру және орындау бойынша білімі мен машықтарын, төтенше жағдайларда іс-қимыл дағдыларын игеру, авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу, өзін-өзі құтқарудың және өзара көмектің негізгі әдістері мен тәсілдерін білу, халық арасындағы ықтимал шығындар мен материалдық нұқсанды барынша азайту мақсатында жүргізіледі.

3. Халықты және азаматтық қорғау саласындағы мамандарды оқыту кезінде дәріс, семинар, сыныптық-топтық сабақ, жаттығу және интерактивті сабақтар тәрізді теориялық және практикалық оқу нысандары кешенді түрде қолданылады.

#### **2-тарау. Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру тәртібі**

4. Азаматтық қорғау саласында уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы) және оның аумақтық бөлімшелері Заңмен жүктеген өкілеттіктерге сәйкес төтенше жағдай



туындау қаупі туралы болжам болған жағдайда халыққа алдын ала хабар беруді қамтамасыз етеді және азаматтық қорғау саласындағы білімді насихаттауды ұйымдастырады.

5. Мемлекеттік органдар, ұйымдар және қоғамдық бірлестіктер Заңмен жүктеген өкілеттіктерге сәйкес азаматтық қорғау саласында хабар беруді жүзеге асырады.

6. Азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қауіп төндіретін төтенше жағдайлар туралы ақпарат жария және ашық болып табылады және халыққа азаматтық қорғауды құлақтандыру жүйесі және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы беріледі.

7. Жағдайды байқау, бақылау мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды болжау қызметтері (сейсмологиялық қызмет, селді құлақтандыру жүйесі, радиациялық қауіпсіздікті бақылау және басқалары) Қазақстан Республикасы аумағында және (немесе) шектес мемлекеттердің шекара маңы аумақтарында төтенше жағдай туындау қаупі кезінде алдын алу мақсатында уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесіне қажетті ақпаратты оның сипаттамасын көрсете отырып, дереу ұсынады.

8. Төтенше жағдайлар қаупі немесе туындауы туралы ақпарат халыққа азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесі арқылы байланыс және телерадиохабар тарату операторларының желісі бойынша, оның ішінде ұялы байланыс операторлары желілері бойынша ақысыз мәтіндік хабарлама жіберу жолымен, сондай-ақ халыққа қызмет көрсететін заңды тұлғаларды құлақтандыру құралдары бойынша, олар жаппай жүретін жерлерде және қоғамдық көлікте беріледі.

9. Қауіпті өндірістік объектілердің басшылары жақын тұратын халықты техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қаупі және туындауы туралы құлақтандырудың жергілікті жүйелерін іске қосу арқылы құлақтандырады.

10. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Заңның 47 – бабына сәйкес халыққа азаматтық қорғау саласында олар қабылдаған шаралар туралы хабар береді.

### **3-тарау. Азаматтық қорғау саласында білімді насихаттау тәртібі**

11. Азаматтық қорғау саласында білімді насихаттау уәкілетті органның ведомствосы, оның аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ мемлекеттік органдар, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер арқылы жүзеге асырылады.



12. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп насихаттау жоспарына сәйкес азаматтық қорғау саласында білімді насихаттауды жүзеге асырады.

13. Азаматтық қорғау саласында білімді насихаттау жоспарын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі әзірлейді және жергілікті атқарушы орган бекітеді.

14. Азаматтық қорғау саласында білімді насихаттау:

- халыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, оның ішінде республикалық және облыстық (қалалық) арнайы бағдарламалардың телерадиоларында төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар тәртібі туралы насихаттауды ұйымдастырудан;

- баспаларда, интернет ресурстарында, әлеуметтік желілерде тұрақты жарияланымдарды, азаматтық қорғау саласында білімді насихаттайтын телерадио хабарларын тарату желілері бойынша бағдарламаларды, тұрмыста және өндірісте қауіпсіздік қағидаларын ұйымдастырудан тұрады.

15. Азаматтық қорғау саласында білімді насихаттау, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес халықты азаматтық қорғау саласында оқыту кезінде жүзеге асырылады.

#### **4-тарау. Халықты және мамандарды азаматтық қорғау саласында оқыту**

*1-параграф. Уәкілетті органның ұйымдары мен оқу орындарында оқыту тәртібі*

16. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарын уәкілетті орган ведомствосының оқу орындарында оқыту Орталық және жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарын азаматтық қорғау саласында оқыту жоспарына сәйкес жүргізіледі.

17. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына азаматтық қорғау саласында оқыту жоспарын орталық және жергілікті атқарушы органдардың өтінімдерінің негізінде уәкілетті органның ведомствосы әзірлейді және азаматтық қорғау саласында уәкілетті орган бекітеді.

18. Азаматтық қорғау саласында уәкілетті органның ұйымдары мен оқу орындарында оқытылуға жататын лауазымды адамдардың тізбесі және оқыту мерзімділігі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес анықталады.

19. Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыратын және жүргізетін, лауазымға жаңадан тағайындалған адамдар үшін оқыту бірінші жұмыс істеген жылы жүзеге асырылады.

20. Оқыту «Төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар туындаған кезде немесе осы қақтығыстар салдарынан қорғану тәсілдері мен іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштерінің басшыларын, мамандарын даярлаудың, халықты оқытудың оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 20 мамырдағы № 235 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9509 болып тіркелді) төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар туында кезінде немесе осы қақтығыстардың салдарынан халықты қорғау тәсілдері мен іс-қимылдарға оқыту, басқару органдары басшыларын, мамандарын және азаматтық қорғау күштерін даярлаудың оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

21. Құпия мәліметтері бар материалдарды пайдалана отырып оқыту жүргізген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын қатаң сақтау қажет.

22. Оқыту аяқталған соң қорытынды тестілеу жүргізіледі. Қорытынды тестілеудің мазмұнын оқытуды жүзеге асыратын уәкілетті органның ұйымдары мен оқу орындарының басшылары бекітеді.

23. Оқытудан өту нәтижелері бойынша қорытынды тестілеуді тапсыруға жіберілмеген немесе қанағаттанарлықсыз білім деңгейін көрсеткен тыңдаушыларға сертификаттар берілмейді.

24. Сабақтардың жалпы санынан 25% және одан да көп сабаққа қатыспаған тыңдаушылар қорытынды тестілеуді тапсыруға жіберілмейді.

25. Оқытудан өткен және қорытынды тестілеуді қанағаттанарлық, жақсы, өте жақсы деген көрсеткіштермен тапсырған тыңдаушыларға «Азаматтық қорғау саласында даярлықтан немесе қайта даярлықтан өтуі туралы бірыңғай үлгідегі сертификатты белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2015 жылғы 20 қазандағы № 857 бұйрығымен бекітілген азаматтық қорғау саласында даярлықтан немесе қайта даярлықтан өткендігі туралы сертификаттар беріледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12292 болып тіркелген), (бұдан әрі – сертификат).

*2-параграф. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде оқытуды ұйымдастыру тәртібі*

26. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде оқыту азаматтық қорғау саласында оқыту үшін Топ санаттарын тыңдаушылар-

мен жасақтау жоспарына сәйкес осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

27. Азаматтық қорғау саласында оқыту үшін топ санаттарын тыңдаушылармен жасақтау жоспарын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі әзірлейді және жергілікті атқарушы орган бекітеді.

28. Азаматтық қорғау саласында уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде оқытуға жататын тыңдаушылардың тізбесі және оқу мерзімділігі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес анықталды.

29. Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыратын және жүргізетін, лауазымға жаңадан тағайындалған адамдар үшін оқыту бірінші жұмыс істеген жылы жүзеге асырылады.

30. Оқыту жүргізу үшін оқу топтары көбінесе саны 40 адамға дейін оқитын санаттағы бір немесе өзінің функционалдық міндеттері бойынша ұқсас адамдардан жинақталады.

31. Оқыту ұзақтығы оқу бағдарламасына сәйкес анықталады.

32. Оқыту процесінің басталуына бір апта қалғанға дейін оқытуды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің басшысы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысанда азаматтық қорғау бойынша сабақтарды жүргізу кестесін бекітеді.

33. Сабақ жетекшілері оқыту бойынша сабақтарды ұйымдастыруы кезінде оқу процесін қамтамасыз ететін оқыту жабдықтары мен құралдарын барынша қолдануды көздеуі қажет.

34. Сабақ жетекшілері оқытылатындардың жарақаттануын болдырмау бойынша шаралар қабылдайды, сабақтарда техникамен, жабдықпен, жеке қорғау құралдарымен және аспаптармен жұмыс істеу кезіндегі қажетті қауіпсіздік талаптарын белгілейді, осы талаптарды тыңдаушыларға уақтылы жеткізеді.

35. Құпия мәліметтері бар материалдарды пайдалана отырып оқыту жүргізген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын қатаң сақтау қажет.

36. Сабақ жетекшілері сабақтарды жүргізудің және оларға тыңдаушылар қатысуының есебін азаматтық қорғау саласындағы тыңдаушыларды оқыту есебі және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификат беру журналдарында жүргізеді.

37. Азаматтық қорғау саласында тыңдаушыларды оқыту есебі және сертификаттарды беру журналдары азаматтық қорғау саласында уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде сақталады.

38. Оқытудан өту жүргізу процесінде тыңдаушылар:

- азаматтық қорғау саласында нормативтік құқықтық құжаттарының талаптарын;
- төтенше жағдайлардың қаупі және туындауы кезінде Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия жұмысының алгоритмдерін;
- Азаматтық қорғаныс жоспарының, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарының құрылымын;
- азаматтық қорғау күштері мен құралдарын қолданудың міндеттері мен мүмкіндіктерін;
- халықты, материалдық және мәдени құндылықтарды эвакуациялауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша нормативтік құқықтық құжаттардың талаптарын;
- ұйымдардың орналасу (тұру) аумағына, сондай-ақ жаппай қырып-жою қарулары мен қарудың басқа түрлеріне тән төтенше жағдайлар көздерінің зақымдайтын факторлары;
- халықты, материалдық және мәдени құндылықтарды әскери қақтығыс және төтенше жағдайлар кезінде пайда болатын қауіптіліктерден қорғаудың тәсілдері мен құралдарын;
- эвакуациялауды және ұжымдық және жеке қорғау құралдарын қолдануды жүргізуге ақпараттық хабарламамен «Назар аударыңыздар» сигналы бойынша ұйым қызметкерлерінің іс-қимылдарын;
- азаматтық қорғау құралымдарын құру және оларды әзірлікте ұстау бойынша нормативтік құқықтық құжаттардың талаптарын;
- алғашқы көмек көрсетілетін денсаулық жағдайы және оны көрсету тәрізін зерделейді.

39. Оқыту аяқталған соң қорытынды тестілеу жүргізіледі. Қорытынды тестілеудің мазмұнын оқытуды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің басшысы бекітеді.

40. Оқытудан өту нәтижелері бойынша қорытынды тестілеуді тапсыруға жіберілмеген немесе қанағаттанарлықсыз білім деңгейін көрсеткен тыңдаушыларға сертификаттар берілмейді.

41. Сабақтың жалпы санынан 25% және одан да көп қатыспаған тыңдаушылар қорытынды тестілеуді тапсыруға жіберілмейді.

42. Оқытудан өткен және қорытынды тестілеуді қанағаттанарлық, жақсы және өте жақсы көрсеткіштермен тапсырған тыңдаушыларға сертификаттар беріледі.

*3-параграф. Жұмыс орны бойынша азаматтық қорғаныс санаттарына*

43. Санатталған ұйымдардың жұмыскерлерін оқыту азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқу бағдарламасына сәйкес жоспарланады және жыл сайын жүргізіледі.

44. Санатталған ұйымдардың жұмыскерлері жұмыс уақыты шегінде жұмыс орны бойынша даярлықтан өтеді.

45. Санатталған ұйымдар басшыларының шешімі бойынша санатталған ұйымдардың жұмыскерлері уәкілетті органның ұйымдарында және оқу мекемелерінде және басқа мамандандырылған оқу орталықтарында шарт негізінде даярлықтан өте алады.

46. Санатталған ұйымдардың жұмыскерлерін оқытуды іске асыру үшін қызметкерлердің санына байланысты ұйымдарда:

-100 адамға дейін қызметкерлері бар – азаматтық қорғау бойынша сабақтарды өткізу үшін құралдар жиынтығы, азаматтық қорғау бойынша бір-бір бұрыш;

- азаматтық қорғау бойынша сабақтарды өткізу үшін құралдар жиынтығы: плакаттар, сабақ тақырыптары бойынша схемалар мен слайдтар;

- азаматтық қорғау бұрышы – ұйымның жұмысшыларын төтенше жағдайлар және әскери қақтығыстар кезінде туындайтын қауіптерден қорғау мәселелері бойынша білімді насихаттау және ақпараттандыру материалдарымен ақпараттық-анықтамалық стенді;

- 100 адамнан астам қызметкерлері бар – көп бейінді кабинет немесе әрбір әкімшілік және өндірістік ғимаратта азаматтық қорғау бойынша бір-бір бұрыштан.

47. Көп бейінді оқу кабинетінің құрамына: оқытушының жұмыс орны, тақта, проектор, оқытылатындардың жұмыс орындары және оқу процесін қамтамасыз ету құралдары, оның ішінде азаматтық қорғау саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар, оқу әдебиеттері, сондай-ақ оқу процесін қамтамасыз ету құралдары кіреді.

48. Жұмыскерлер саны 1000 адамнан асатын санатталған ұйымдарда онлайн курстар арқылы, кейін тестілеу өткізумен және азаматтық қорғау саласында оқудан өткендігі туралы анықтама берумен, ұйым жұмыскерлерін оқытуға болады.

49. Оқу топтарының, сабақ жетекшілерінің тізімдерін және сабақтарды өткізу кестесін ұйым басшысы бекітеді.

50. Санатталған ұйымдардың қызметкерлерін оқытуды белгіленген мерзімдерге сәйкес және тиісті сертификаттары бар уәкілетті органның

аумақтық бөлімшелерінде немесе уәкілетті орган ведомствосының ұйымдарында немесе оқу орындарында оқытудан өткен азаматтық қорғау бойынша сабақ топтарының жетекшілері өткізеді.

51. Сабақтар жұмыс уақытында оқу бағдарламасына сәйкес көлемде өткізіледі.

52. Кестеге сәйкес сабақтар өткізуді және оған оқытылатындардың қатысуын сабақ жетекшісі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысанда өткізілген сабақтарды есепке алу журналында жүзеге асырылады, оны әр оқу тобында жүргізеді.

53. Өткізілген сабақтарды тіркеу журналы ұйымдарда оқыту аяқталған соң бір жыл бойы сақталады.

54. Оқыту процесі кезінде тыңдаушылар:

- тұру және жұмыс істеу аумағына тән төтенше жағдайлар көздерінің зақымдаушы факторларын, сондай-ақ жаппай қырып-жоятын қаруға және қарудың басқа түрлерін;

- әскери қақтығыс және төтенше жағдайлар кезінде пайда болатын қауіптіліктерден қорғану әдістері мен құралдарын;

- жеке және ұжымдық қорғану құралдарының орналасқан жерлері;

- ұйымда бар өрт сөндірудің бастапқы құралдарының орналасу орындарын;

- жеке қорғау құралдарын алу, сондай-ақ қорғаныш құрылыстарында жасырын паналар, қорғаныш құрылыстарында жүріс-тұрыс алгоритмдерін;

- адамдар жаппай жиналатын жерлерде, өрт кезінде, су объектілерінде және табиғатта жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-қимылдарын;

- ұйым жұмыскерлерінің эвакуациялауды және жеке қорғану құралдарын пайдалануды жүргізуге ақпараттық хабарламалары бар «Назар аударыңыздар!» сигналы бойынша іс-қимылдарын;

- азаматтық қорғауды бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына ауыстыру бойынша іс-шараларды;

- алғашқы көмек көрсетілетін денсаулық жағдайы және оны көрсету тәртібін зерделейді.

55. Оқыту аяқталған соң қорытынды тестілеу жүргізіледі. Қорытынды тестілеудің мазмұнын оқытуды жүргізген ұйымның басшысы бекітеді. Ұйым қызметкерлерін оқытуды және тестілеуді тиісті компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, интерактивті түрде өткізуге болады.

56. Қорытынды тестілеуді тапсыруға жіберілмеген немесе қорытын-

ды тестілеуді тапсыру кезінде қанағаттанарлықсыз білім деңгейін көрсеткен тыңдаушыларға анықтамалар берілмейді.

57. Сабақтың жалпы санынан 25 % және одан көп қатыспаған тыңдаушылар қорытынды тестілеуді тапсыруға жіберілмейді.

58. Оқудан өткен және қорытынды тестілеуді қанағаттанарлық, жақсы және өте жақсы көрсеткіштерімен тапсырған тыңдаушыларға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық қорғау саласында оқытудан өткендігі туралы анықтама беріледі.

*4-параграф. Азаматтық қорғау құралымдарының жеке құрамын жұмыс орны бойынша оқытудан өткізу тәртібі*

59. Санатталған ұйымдардың (санатталмаған ұйымдардың) азаматтық қорғау құралымдарының жеке құрамы жыл сайын Оқу бағдарламасына сәйкес жұмыс орны бойынша оқытудан өтеді.

60. Ұйым басшысының шешімі бойынша объектілік азаматтық қорғау құралымдарының командирлері және жеке құрамы ұйымдарда және уәкілетті органның оқу мекемелерінде және басқа мамандандырылған оқу орталықтарында шарт негізінде оқытудан өтеді.

61. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде немесе уәкілетті орган ведомствосының ұйымдарында және оқу мекемелерінде азаматтық қорғау бойынша сабақ топтарының жетекшілері және азаматтық қорғау құралымдарының командирлері белгіленген мерзімдерге сәйкес және тиісті сертификаттары бар азаматтық қорғау құралымдарының жеке құрамын оқытуды өткізеді.

62. Оқып-үйренушілер үшін практикалық тәсілдер мен іс-қимылдарды дұрыс және нақты орындау үшін теориялық материалдар ең аз көлемде зерделенеді. Бұл ретте, қазіргі заманғы оқыту бағдарламалары, бейнефильмдер, плакаттар, басқа да көрнекі құралдар қолданылады.

63. Сабақтар жұмыс уақытында Оқу бағдарламасына сәйкес көлемде жүргізіледі.

64. Жеке құрамның жеке білімін тексеру тестілеу жүргізу барысында, ал жалпы қалыптасуын тексеру осы Қағидаларда көзделген оқу-жаттығуларды және жаттығуларды жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

65. Азаматтық қорғау құралымдары жеке құрамының білімін тексеруді міндетті түрде сабақ жетекшісі немесе азаматтық қорғау құралымдарының командирлері өткізеді.

66. Практикалық сабақтарды азаматтық қорғау құралымдарының командирлері ұйымдастырады және жүргізеді.



67. Қажетті мөлшерде арнайы техникамен, жабдықпен, құрал-жабдықпен, құрал-сайманмен және материалдармен азаматтық қорғау құралымдарының арнайы тактикалық оқу-жаттығуларға толық құрамда шығарылады.

68. Азаматтық қорғау құралымдарын құратын ұйымның басшысына жергілікті шарттарға сүйене отырып, нақты азаматтық қорғау құралымдарының мақсаты мен жеке құрамның дайындық дәрежесін есепке ала отырып, даярлыққа кеткен жалпы уақытты азайтусыз оларды зерделеуге арналған сағат санын және оқу бағдарламасы тақырыптарының мазмұнын нақтылауға, сондай-ақ төтенше жағдайлар аймағында жұмыс кезінде азаматтық қорғау құралымдарының жеке құрамына алғашқы көмек көрсету және психологиялық тұрақтылықты арттыру бойынша оқытылатындардың шеберліктерін жетілдіру үшін тақырыптарды қосымша қосуға рұқсат етіледі.

69. Азаматтық қорғау құралымдарының командирлері практикалық сабақтарды ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ арнайы-тактикалық оқу-жаттығулар барысында жеке құрамның оқу материалдарын игеру сапасын бағалайды.

70. Азаматтық қорғау құралымдарының командирлері жеке құраммен оқу орындарында сабақтар жүргізеді. Сабақтар барысында материалды меңгеру деңгейін және бөлімше құрамында іс-қимылдарға дайындығын бақылайды.

71. Сабақтарды ұйымдастыру кезінде азаматтық қорғау құралымдарының командирлері оқу жабдықтары мен оқу процесін қамтамасыз ету құралдарын барынша қолдануды көздеуі қажет.

72. Сабақтарды жүргізу барысында жеке құрамның моральдық-психологиялық дайындығына, арнайы техниканы, жабдықты, құрал-жабдықты және құрал-саймандарды қолданудың тиімділігіне сенімділік тудыруға, табандылыққа тәрбиелеуге, қиын жағдайда жоғары ұйымдастырушылық пен тәртіп жағдайында лауазымдық міндеттерді орындауға әзірлікке, тұрақты түрде көңіл бөлу қажет.

73. Оқу топтарының, сабақ жетекшілерінің тізімдерін және азаматтық қорғау бойынша сабақтарды өткізу кестесін ұйым басшысы бекітеді.

74. Сабақтарды кестеге сәйкес өткізуді және оларға оқытылатындардың қатысуы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сабақ жетекшісі әр оқу тобына жүргізілетін өткізілген сабақтарды есепке алу журналында жүзеге асырады.

75. Өткізілген сабақтарды есепке алу журналдары ұйымдарда оқыту аяқталған соң бір жыл бойы сақталады.

76. Оқытудан өту процесінде тыңдаушылар:

- азаматтық қорғау құралымдарының мақсатын және өздерінің функционалдық міндеттерін;
- құлақтандыру, жиналу және әзірлікке келтіру әдістерін;
- ұйымның жұмыс істеуінің өндірістік және технологиялық ерекшеліктері, ықтимал авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстардың сипатын;
- құралымдардың жарақтануында тұрған техниканы, механизм мен аспаптарды, сондай-ақ арнайы құрал-жабдықтар мен қорғау құралдарын қауіпсіз пайдалану, қызмет көрсетудің мүмкіндіктері мен мақсатын;
- санитарлық тазалауды, техниканы арнайы тазалауды, ғимараттар мен аумақтарды зарарсыздандыру жүргізу тәртібін;
- алғашқы көмек көрсетудің әдістері мен тәсілдерін зерделейді.

77. Іс-қимылдардың дағдыларын пысықтау және алған білімдерді бекіту үшін азаматтық қорғау құралымдарының жеке құрамы құралым құрамында осы Қағидаларда көзделген оқу-жаттығулар мен жаттығуларға тартылады.

78. Оқыту аяқталған соң қорытынды тестілеу жүргізіледі. Қорытынды тестілеудің мазмұнын оқытуды жүргізетін ұйымның басшысы бекітеді.

79. Қорытынды тестілеуді тапсыруға жіберілмеген немесе қорытынды тестілеуді тапсыру кезінде қанағаттанарлықсыз білім деңгейін көрсеткен тыңдаушыларға анықтамалар берілмейді.

80. Сабақтардың жалпы санынан 25 % және одан көп қатыспаған тыңдаушылар қорытынды тестілеуді тапсыруға жіберілмейді.

81. Оқудан өткен және қорытынды тестілеуді қанағаттанарлық, жақсы және өте жақсы көрсеткіштерімен тапсырған тыңдаушыларға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық қорғау саласында оқытудан өткендігі туралы анықтама беріледі.

*5-параграф. Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылмайтын ұйымдардың қызметкерлерін және жұмыссыз халықты оқыту*

82. Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылмайтын ұйымдардың қызметкерлерін және жұмыссыз халықты оқыту (бұдан әрі - санатталмаған ұйымдар) осы Қағидаларда көзделген оқу-жаттығуларға және жаттығуларға қатысып жүзеге асырылады.

83. Төтенше жағдайлардан қорғау мәселелерін зерделеу дербес радиохабарларды тыңдау, интернет-ресурсты, телебағдарламаларды қарау, жаднамаларды, парақшалар мен буклеттерді зерделеу, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою тақырыбы бойынша өткізілетін іс-шараларға бару арқылы жүзеге асырылады.

84. Ұйымның сұрау салуы бойынша уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері ұйымдардың жұмыскерлерімен нақты тақырыптар бойынша көшпелі сабақтар өткізе алады.

85. Санатталмаған ұйымдардың жұмыскерлері ұйымдарда және уәкілетті органның оқу мекемелерінде және басқа мамандандырылған оқу орталықтарында шарт негізінде даярлықтан өте алады.

*6-параграф. Азаматтық қорғау саласында оқу-жаттығулар мен жаттығуларды ұйымдастыру тәртібі*

86. Халықтың және азаматтық қорғау саласында мамандардың алған білімдерін және іс-қимыл дағдыларын пысықтау және бекіту үшін осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес азаматтық қорғау саласында оқу-жаттығулар, жаттығулар мен сабақтар түрлеріне сәйкес оқу-жаттығулар, жаттығулар мен сабақтарға тартылады.

87. Аумақтық деңгейде азаматтық қорғау саласында оқу-жаттығулар мен жаттығулар өткізу жоспарын осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі әзірлейді және жергілікті атқарушы орган бекітеді.

88. Аумақтық деңгейде және ұйымдарда азаматтық қорғау саласында оқу-жаттығулар мен жаттығуларды өткізуге жауапты орындаушылар азаматтық қорғау саласында уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне ұйымдастырушылық құжаттардың көшірмелерімен қоса олардың өткізілуі туралы ақпаратты ұсыну қажет.

89. Оқу-жаттығулар және жаттығулар бойынша ұйымдастырушылық құжаттар мынадай деңгейде әзірленеді:

- республикалық деңгейде – азаматтық қорғау саласында уәкілетті орган ведомствосы және азаматтық қорғау саласында уәкілетті орган бекітеді;

- аумақтық деңгейде – азаматтық қорғау саласында уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің азаматтық қорғаныс бастығы немесе оның орынбасары бекітеді.

- объектілік деңгейде – азаматтық қорғау саласында уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен келісім бойынша ұйымдардың басшылары және ұйымның азаматтық қорғаныс бастығы бекітеді.

90. Оқу-жаттығулардың, жаттығулардың барлық түрлері мынадай мақсатта жүргізіледі:

- басқару органдарының, басшылық құрамның, құралымдардың, ұйымдардың жұмысшылары мен қызметшілерінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою бойынша жұмысында

жоғары үйлесімділікке қол жеткізу, олардың тыныс-тіршілігін қалпына келтіру және азаматтық қорғанысты жүргізу;

- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда адамдарды қорғаудың амалдары және тәсілдерін жетілдіру;

- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарының алдын алу және жою бойынша іс-қимылдар жоспарларының және азаматтық қорғаныс жоспарларының шынайылығын, міндеттерді шешуге күштер мен құралдардың әзірлігін тексеру;

- авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізудің амалдары мен тәсілдерін зерделеу, құралымдарды және техниканы қолданудың тиімділігін арттыру.

91. Кешенді оқу-жаттығулар басшылық құрамды, басқару органдарын, азаматтық қорғау құралымдарын, жұмысшыларды және қызметшілерді, ұйымға жақын тұратын халықты даярлаудың бір нысаны болып табылады.

92. Кешенді оқу-жаттығулар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың және олардың салдарының туындау қаупіне және оларды жоюмен байланысты іс-шаралардың барлық жиынтығын, сондай-ақ өндірістің ерекшелігін, аумақтық орналасу ерекшеліктерін, жұмыстардың маусымдылығын және осы аумаққа (ұйымға) тән басқа факторларды ескеріп, азаматтық қорғаныс іс-шараларын іс жүзінде пысықтауға мүмкіндік береді.

93. Кешенді оқу-жаттығулар 3 жылда 1 рет өткізіледі:

- қалалар мен облыс аудандарда (азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалаларда және облыс аудандарда 2 жылда 1 рет);

- азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жататын барлық ұйымдарда;

- өндірісінде өрт-жарылыс қауіпті заттар, күшті әсер ететін улы заттар, радиациялық және биологиялық қауіпті заттар шығаратын немесе өндірісте қолданатын ілерде;

- сыйымдылығы 600 және одан да көп ауруханалық орындар бар медициналық, емдеу-сауықтыру мекемелерінде.

94. Аумақтық деңгейдің кешенді оқу-жаттығуларға барлық аумақтық басқару органдары, қызметтері және азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің аумақтық кіші жүйелерінің азаматтық қорғау құралымдарының командирлері, жеке құраммен, техникамен, аспаптармен және мүлікпен толық жабдықталған азаматтық қорғаудың ілік құралымдары, сондай-ақ құралымдардың құрамына кірмейтін жұмысшылар мен қызметшілер тартылады.

95. Объектілік деңгейдегі кешенді оқу-жаттығуларға жеке құраммен,

техникамен, аспаптармен және мүлікпен жабдықталған азаматтық қорғаудың объектілік қызметтері мен құралымдары, сондай-ақ құралымдардың құрамына кірмейтін жұмысшылар және қызметшілер тартылады.

96. Азаматтық қорғаныстың тиісті деңгейі бастығының шешімінің негізінде кешенді оқу-жаттығуларға тиісті аумақтың халқы тартыла алады.

97. Аумақтық деңгейдегі кешенді оқу-жаттығуларға дайындалуға және өткізуге мыналар тағайындалады: оқу-жаттығудың басшысы, оның орынбасарлары және көмекшілері, сондай-ақ оқу-жаттығуды басқару штабы құрылады.

98. Объектілік деңгейдегі кешенді оқу-жаттығуларды дайындау және өткізу үшін оқу-жаттығудың басшысы, азаматтық қорғау құралымдарын жарқандыруға және техникалық қауіпсіздікке жауаптылар тағайындалады.

99. Аумақтық деңгейдегі кешенді оқу-жаттығуларды өткізу үшін мынадай құжаттар әзірленеді:

- облыс (қала) әкімінің – азаматтық қорғаныс бастығының өкімі;
- кешенді оқу-жаттығуларды дайындаудың күнтізбелік жоспары;
- кешенді оқу-жаттығуды өткізу жоспары.

100. Объектілік деңгейдегі кешенді оқу-жаттығуды өткізу үшін мынадай құжаттар әзірленеді:

- ұйым басшысының – азаматтық қорғаныс бастығының бұйрығы;
- осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кешенді оқу-жаттығуды дайындаудың күнтізбелік жоспары;
- осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысанда кешенді оқу-жаттығуды өткізу жоспары.

101. Кешенді оқу-жаттығу аяқталған соң өткізілген іс-шаралардың сапасы мен азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің кіші жүйелерінің дайындығы туралы қорытындыларымен есеп жасалады (ерікті нысанда).

102. Облыстардың, қалалардың және ауылдық аудандардың төтенше жағдайларды жою және азаматтық қорғаныс бойынша командалық-штабтық оқу-жаттығулары азаматтық қорғаныс бастықтарын, азаматтық қорғау қызметтері бастықтарын және азаматтық қорғау құралымдары командирлерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және азаматтық қорғаныс бойынша іс-шараларды орындауға бірлесіп дайындаудың негізгі нысандарының бірі болып табылады.

103. Командалық-штабтық оқу-жаттығуларға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің аумақтық кіші жүйелерінің басқару органдары тартылады.

104. Командалық-штабтық оқу-жаттығулар жыл сайын өткізіледі. Ко-

мандалық-штабтық оқу–жаттығуларды «Көктем», «Қыс», «Жер» республикалық командалық-штабтық оқу–жаттығулары шеңберінде өткізуге рұқсат етіледі.

105. Командалық-штабтық оқу-жаттығулар азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің аумақтық кіші жүйелерінің басқару органдары, азаматтық қорғаудың қызметтері мен құралымдары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою іс-қимылдарының жоспарларында, азаматтық қорғаныс жоспарларында көзделген барлық іс-шараларды пысықтауды қамтамасыз ететін кешенді тақырыптар бойынша өткізіледі.

106. Командалық-штабтық оқу-жаттығулардың оқу мәселелерін пысықтау үшін командалық-штабтық оқу-жаттығулардың тақырыптарына байланысты бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлар шарттарына барынша ұқсас қиын жағдай жасалады. Командалық-штабтық оқу-жаттығулар барысында жағдайды қиындату хабарлау немесе күні, уақыты, орны және ықтимал оқиға (уақиға, авариялық жағдайлар) туралы кіріспе тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

107. Бұл ретте, барлық жұмыс қатысушыларды өкімдік және есептік құжаттамаларды (міндеттерді, мәлімдемелерді орындау бұйрықтары) дұрыс ресімдеуге дайындауға негізделген.

108. Командалық-штабтық оқу-жаттығуларды дайындау және өткізу үшін оқу-жаттығу басшысы, оның орынбасарлары тағайындалады, сондай-ақ оқу-жаттығу басшылығы штабы құрылады.

109. Командалық-штабтық оқу-жаттығуларды өткізу үшін мынадай құжаттар әзірленеді:

- облыс (қала, аудан) әкімінің — азаматтық қорғаныс бастығының өкімі;

- осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес командалық-штабтық оқу-жаттығуды дайындаудың күнтізбелік жоспары;

- осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес командалық-штабтық оқу-жаттығуды өткізу жоспары.

- 110. Командалық-штабтық оқу-жаттығу аяқталған соң өткізілген іс-шаралардың сапасы мен азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің кіші жүйелерінің әзірлігі туралы қорытындыларымен есеп жасалады (ерікті нысанда).

111. Арнайы тактикалық оқу-жаттығулар бейбіт және соғыс уақытындағы мақсаты бойынша міндеттерді орындау үшін азаматтық қорғау құралымдарын дайындаудың негізгі және барынша тиімді нысаны болып табылады.

112. Арнайы тактикалық оқу-жаттығулар жыл сайын өткізіледі:

- аумақтық деңгейде – азаматтық қорғаудың аумақтық құралымдарымен, жедел ден қою жасақтарымен;
- объектілік деңгейде – азаматтық қорғаудың объектілік құралымдарымен.

113. Арнайы тактикалық оқу-жаттығуларда авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды, әртүрлі жағдайларда құралымдардың епті іс-қимылдарын жүргізуге басшылықтан уақтылы және негізделген шешім қабылдауды талап ететін осы өңірге (облысқа, қалаға, объектіге) тән жағдай жасалады:

- аумақтық деңгейде – жалпы өңір үшін тән;
- объектілік деңгейде – объект орналасқан нақты объектіге, өндіріске, аумаққа тән.

114. Азаматтық қорғаудың аумақтық және объектілік құралымдарымен арнайы тактикалық оқу-жаттығуларды өткізу басшысы болып азаматтық қорғаныстың тиісті бастығы немесе азаматтық қорғау құралымының командирі тағайындалады, ал азаматтық қорғау қызметтерінің құралымдарымен азаматтық қорғау қызметтерінің тиісті бастығы немесе азаматтық қорғаудың осы құралымының командирі тағайындалады.

115. Арнайы тактикалық оқу-жаттығуды аумақтық деңгейде дайындау және өткізу үшін оқу-жаттығудың басшысы, оның орынбасарлары тағайындалады, сондай-ақ оқу-жаттығуды басқару штабы құрылады.

116. Объектілік деңгейде арнайы тактикалық оқу-жаттығуды дайындау және өткізу үшін оқу, оқу-жаттығу барысында жоспарланған іс-шараларды жүргізуге жауапты (қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық үшін, қажетті мүлікпен жарақтау үшін) оқу-жаттығу басшысы тағайындалады.

117. Азаматтық қорғау құралымдарымен арнайы тактикалық оқу-жаттығулар өткізу басшысы мыналар тағайындалады:

- аумақтық деңгейде әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің орынбасары;
- объектілік деңгейде азаматтық қорғаныс штабының тиісті бастығы тағайындалады.

118. Аумақтық және объектілік деңгейде арнайы тактикалық оқу-жаттығуларды өткізу үшін мынадай құжаттар әзірленеді:

- облыс (қала) әкімінің – азаматтық қорғаныс бастығының арнайы тактикалық оқу-жаттығуларды дайындау және өткізу туралы өкімі (ұйым басшысының бұйрығы);
- осы қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы тактикалық оқу-жаттығуды дайындаудың күнтізбелік жоспары;



- осы қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы тактикалық оқу-жаттығуды өткізу жоспары.

119. Арнайы тактикалық оқу-жаттығу аяқталған соң өткізілген іс-шаралар туралы қорытындыларымен есеп жасалады (ерікті нысанда).

120. Авариялық жағдайлар және оқыс оқиғалар бойынша жаттығулар ұйымдардың қызметкерлерімен (азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар), студенттермен, білім беру ұйымдарының оқушыларымен, педагогтарымен, мектепке дейінгі тәрбие және оқу ұйымдарының тәрбиешілерімен, балаларымен және қызмет көрсетуші персоналмен өткізіледі.

121. Авариялық жағдайлар және оқыс оқиғалар бойынша жаттығулар тоқсан сайын өткізіледі.

122. Авариялық жағдайлар және оқыс оқиғалар бойынша жаттығуларды өткізу үшін мынадай құжаттар әзірленеді:

- авариялық жағдайлар және оқыс оқиғалар бойынша жаттығуларды дайындау және өткізу туралы ұйым басшысының – азаматтық қорғаныс бастығының бұйрығы;

- осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша авариялық жағдай бойынша жаттығуларды өткізу жоспары.

123. Авариялық жағдайлар және оқыс оқиғалар бойынша жаттығу аяқталған соң өткізілген іс-шаралар туралы қорытындыларымен есеп жасалады (ерікті нысанда).

124. Төтенше жағдайлар кезінде ықтимал жағдайдың кіріспе элементтерін пысықтау бойынша объектілік жаттығулар (бұдан әрі – объектілік жаттығу) бұл ұйымдастырылуы бойынша оңайлатылған, орындалған іс-шаралар көлемі және кешенді оқу-жаттығуларды жүргізу уақыты бойынша қысқартылған оқу жаттығу.

125. Объектілік жаттығулар жұмыс істеушілердің саны 300-ден аз, санатталмаған ұйымдарда, жоғары және орта арнайы оқу орындарында, сыйымдылығы 600 төсектен аз медициналық емдеу-сауықтыру мекемелерде үш жылда 1 рет кезеңділікпен өткізіледі.

126. Объектілік жаттығуды өткізу үшін мынадай құжаттар әзірленеді:

- объектілік жаттығуды дайындау және өткізу туралы ұйым басшысының – азаматтық қорғаныс бастығының бұйрығы;

- осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектілік жаттығуды дайындаудың күнтізбелік жоспары;

- осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектілік жаттығуды өткізу жоспары.

127. Объектілік жаттығу аяқталған соң өткізілген іс-шаралар туралы қорытындыларымен есеп жасалады (ерікті нысанда).

128. Сейсмикалық жаттығулар сейсмикалық қауіпті өңірлерде орналасқан ұйымдардың қызметкерлерімен, студенттермен, білім беру ұйымдарының оқушыларымен, педагогтарымен, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешілерімен, балаларымен және қызмет көрсетуші персоналмен өткізіледі.

129. Сейсмикалық жаттығулар тоқсан сайын өткізіледі. Сейсмикалық жаттығуларды арнайы тактикалық оқу-жаттығулармен біріктіруге рұқсат етіледі.

130. Сейсмикалық жаттығуларды дайындау және өткізу үшін жаттығу басшысы, оның орынбасарлары тағайындалады, сондай-ақ жаттығуды басқару штабы құрылады.

131. Сейсмикалық жаттығуларды өткізу үшін мынадай құжаттар әзірленеді:

- жалпы сейсмикалық жаттығуды дайындау және өткізу туралы ұйым басшысының – азаматтық қорғаныс бастығының бұйрығы;
- осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалпы сейсмикалық жаттығуды өткізу жоспары.

132. Селге қарсы жаттығулар сел қауіпті өңірлерде орналасқан ұйымдардың қызметкерлерімен, студенттермен, білім беру ұйымдарының оқушыларымен, педагогтарымен, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешілерімен, балаларымен және қызмет көрсетуші персоналмен өткізіледі.

133. Селге қарсы жаттығуларды өткізу кезінде сырғыма қауіпті өңірлерде сырғымадан қорғау бойынша іс-шараларды қарау қажет.

134. Селге қарсы жаттығулар сел қауіпті кезең басталар алдында жылына бір рет өткізіледі. Селге қарсы жаттығуларды арнайы тактикалық оқу-жаттығулармен біріктіруге рұқсат етіледі.

135. Селге қарсы жаттығуларды дайындау және өткізу үшін жаттығу басшысы, оның орынбасарлары тағайындалады, сондай-ақ жаттығуды басқару штабы құрылады.

136. Селге қарсы жаттығуларды өткізу үшін мынадай құжаттар әзірленеді:

- қала (аудан) әкімінің – азаматтық қорғаныс бастығының өкімі;
- осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша селге қарсы жаттығуды дайындаудың және өткізудің күнтізбелік жоспары.

137. Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығулар ұйымдардың қызмет-

керлерімен, студенттермен, білім беру ұйымдарының оқушыларымен, педагогтарымен, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешілерімен, балаларымен және қызмет көрсетуші персоналмен өткізіледі.

138. Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығулар тоқсан сайын өткізіледі.

139. Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуларды сейсмикалық қауіпті өңірлердегі сейсмикалық жаттығулармен және сел қауіпті өңірлердегі сел жаттығуларымен біріктіруге рұқсат етіледі.

140. Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуларды дайындау және өткізу үшін жаттығу басшысы, оның орынбасарлары тағайындалады, сондай-ақ жаттығуды басқару штабы құрылады.

141. Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуларды өткізу үшін мынадай құжаттар әзірленеді:

- білім беру ұйымы басшысының – Азаматтық қорғаныс бастығының бұйрығы;

- осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуды дайындау және өткізу жоспары.

Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидаларына

### 1-қосымша

**Азаматтық қорғау саласында уәкілетті органның ұйымдарында және оқу мекемелерінде оқытылуы тиіс лауазымды адамдардың тізбесі және оқу мерзімділігі**

3. Бірлескен энергетикалық жүйеге кіретін жанар-жағар май – энергетикалық кешен ұйымдары;

4. Елдің ғылыми-техникалық потенциалынан тұратын; тауарларды

экспорттауда, жұмыстар мен қызметтер құнының мөлшерінде қомақты салмағы бар қорғаныс- өнеркәсіптік кешен ұйымдары;

5. Ірі салық төлеушілер санатына кіретін ұйымдар;

6. Төтенше жағдайда зардап шеккендерге стационарлық емдеу мүмкіндігі бар, денсаулық сақтау ұйымдары;

7. Жалпы мемлекеттік мағынасы бар инфрақұрылым қызметін қамтамасыз ететін ұйымдар, атап айтқанда ақпараттық-телекоммуникация, электробайланыс және пошта, темір жол, әуе және теңіз көлігі, магистральдық газ және мұнай құбыры, инженерлік құрылыстар (көпірлер, тоннельдер);

8. Жалпы мемлекеттік маңызы бар пайдалы қазбаларды өндіріп және өңдейтін ұйымдар.

9. Ақпараттық және телекоммуникациялық инфраструктура ілері.

АҚ іс-шараларын орындау бойынша талаптар қойылуы тиіс мемлекеттік және экономикалық мағынасы бар ұйымдарды санаттаған кезде, келесі түсініктерді анықтаған жөн:

- «маңызды мемлекеттік мағына»;
- «маңызды экономикалық мағына».



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 ж. 7 қазандағы № 1151 Қаулысына сәйкес «Мемлекеттік қорғауға жататын ілердің кейбір мәселелерінде», жоғарыда көрсетілген түсініктемелерге анықтама беріліп, мемлекеттік қорғауға кіретін мемлекеттік және экономикалық мағынасы маңызды осы объектерді санаттау жүргізілген.

Мемлекеттік күзетке кіретін Қазақстан Республикасының ілері негізгі үш санат (категория) бойынша санатталады:

1. аса маңызды мемлекеттік ілер;
2. стратегиялық ілер;
3. стратегиялық мағынасы бар және заңды тұлғаларға тиесілі ілер, оның жарғылық капиталында акцияларының бақылау пакетін (қатысу үлесі) мемлекет тікелей немесе жанама иеленген.

1. Аса маңызды мемлекеттік ілерге жатады: оның біртұтастығы бұзылғаны мемлекеттің қауіпсіздігіне және оған жүктелген қызметтің іске асуына кері әсерін тигізуі мүмкін, экономикаға қомақты шығын

келтіреді, мемлекеттер арасындағы, сонымен қатар мемлекет пен қоғам үшін маңызды арақатынасты күрделендіреді.

*Мұндай ілер (атап айтқанда):*

1) әкімшілік ғимараттар және республикалық және облыстық маңызы бар Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдары ілері, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, жергілікті және басқа да соттар, Бас прокуратура, облыстар прокуратурасы, республикалық маңызы бар қалалар прокуратурасы мен Қазақстан Республикасы астанасы, қалалық және оларға теңестірілген әскери және басқа да мамандандырылған прокуратуралар, Құқықтық статистика мен арнайы есеп комитеті және олардың аумақтық бөлімшелері;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық банк ілері, оның филиалдары мен сақтау орындары;

3) Қазақстан Республикасы аумағында шетелдік дипломатиялық уәкілдікті, шетелдік консулдық мекемелерді, халықаралық ұйымдар мен халықаралық ұйым уәкілдігін орналастыру.



2. Стратегиялық ілер: қазақстан қоғамының тұрақты дамуы үшін, әлеуметтік-экономикалық мағынасы бар ілер, оларға келетін шығын Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігіне кері әсерін тигізуі, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп келтіруі мүмкін.

*Мұндай ілер:*

1) Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен тізімдегі ішкі істер органдары бөлімшелерімен бірге Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен күзетілетін Қазақстан Республикасы ілері, сонымен қатар маңызды мемлекеттік мағынасы бар ілер;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы күштер әскери бөлімдері, басқа да әскер мен әскери құрылымдар;

3) мемлекеттік материалдық резерв ілері – медициналық дәрі-дәрмектер мен жанар-жағар май материалдарын сақтау бойынша қоймалар, сауда және киім-кешек қоймалары;

4) мемлекеттік ұйым және аса қауіпті бактериологиялық, биология-

лық, химиялық, есірткілерді әзірлеу, өндіру, сынақтан өткізу және зерттеу мен сақтау бойынша мекемелер ілері;

5) ғарыштық инфрақұрылым ілері;

6) атом энергиясын қолданатын ілер;

7) тіршілікті қамтамасыз ету ілері, оның ішінде: жылумен қамтамасыз ету – жылу электр орталығы (50 Гкал жоғары); ауыз сумен жабдықтау – су іркіуіш құрылыс.

3. Салалық экономика ілері, стратегиялық мағынасы бар және заңды тұлғаларға тиесілі ілер, оның жарғылық капиталында акцияларының бақылау пакетін (қатысу үлесі) мемлекет тікелей немесе жанама иеленген, жарғылық капиталдағы мемлекеттің қатысуымен ірі салық төлеушілерге жататын Қазақстан Республикасының ілері, олардың қызметінде (жұмысында) төтенше жағдай болу қауіпі жоғары.

Мұндай ілер:

1) су шаруашылығы ілері – су ресурстарын басқару үшін гидро-техникалық құрылыстар: гидрожелілер, шлюздар, бөгеттер (плотинылар) су қоймалары;

2) республикалық мағынасы бар теле және радиохабар, байланыс ілері;

3) жарылғыш және улы заттарды сақтау бойынша заңды тұлғалар ілері;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 554 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әскери доктринасында белгіленген, әлемдегі әскери- саяси жағдай жоғары қарқынды және болжанбайтын дамумен, әлемде ықпал ету салалары үшін әлемдік және өңірлік «державалар» арасындағы қарсы тұрудың күшеюімен, сондай-ақ мемлекетаралық және мемлекетішілік қайшылықтарды шешуде әскери күш рөлінің артуымен сипатталады.

Әлемдегі әскери-саяси жағдайдың дамуына орта мерзімді перспективаға болжау жекелеген мемлекеттердің қазіргі әлемдік тәртіпті өзгертуге ұмтылысында шиеленістің күшеюі, тұрақсыздық ошақтарының кеңеюі әдістерінің бар екенін куәландырады. Әскери-саяси және әскери-стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін өңірлер мен мемлекеттер ішіндегі саяси, әлеуметік, экономикалық, аумақтық, этникалық және басқа да қайшылықтар пайдаланылуы мүмкін.

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес, азаматтық қорғанысты енгізуге дайындық, соғыс уақытында туындайтын қауіптен халықты

қорғайтын құралдарды және қару, әскери техниканы дамытуды есепке ала отырып бейбіт уақытта алдын ала іске асырылады.

ҚР Әскери Доктринасында көрсетілгендей, мемлекетті жұмылдыруда даярлау шеңберінде басқару тұрақтылығын арттыру және мемлекеттің экономикасы соғыс уақытына ұйымдасқан түрде ауыстыру үшін мемлекеттің әскери ұйымның материалдық резервтерге қажеттіліктерін қанағаттандыру, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бірліктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар іске асырылуда. Бұл міндеттер негізі, АҚ бойынша санаттарға жататын ұйымдарға жүктеледі.

АҚ бойынша санатқа жатқызылған ұйымдардың тізімін алдын ала анықтау арқылы, АҚ бойынша уәкілетті орган ведомствасы аумақтық бөлімшелерімен ұйымдастырылып, өткізілетін негізгі және бастапқы бағыттарды анықтауға болады. Бұл негізгі іс-шаралардың сипаты мынадай:

- мемлекеттік және қорғаныс маңыздылығы бар ілерді барынша қамтамасыз ету;
- барынша қысқа уақытта аумақ пен экономиканы қалпына келтіруге ықпал ету.

Мақаламның соңында белгілеп кеткім келгені, АҚ РОӨО-да «Азаматтық қорғаныс бойынша санатталған ұйымдарды (ілерді) анықтау әдістемелік нұсқаулығы» әзірленген. Азаматтық қорғаныс бойынша ұйымды санатқа жатқызу бойынша жұмылдыру, соғыс уақытында және соғыс жағдайы кезінде ұсыныстарды енгізуде маңыздылығы мен арнаулы бойынша объектілерді жүйелендіруге, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне арналған әдістеме.

АҚ бойынша топтарға жатқызылатын уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің Әдістемені қолдануы, Қазақстан Республикасы халқы мен аумағын осы заманғы зақымдаушы құралдардың қиратушы (зақымдаушы) факторларының әсерінен қорғауға бағытталған АҚ күші мен құралдарына дұрыс есеп жүргізуіне, оларды АҚ іс-шараларын орындау кезінде тиімді бөлуге мүмкіндік береді.

Дей тұра, Әдістеме авторлары азаматтық қорғаныс іс шаралары мен басқа да қорғаныс іс шараларының және елдің барлық экономикалық қызметімен байланысына аса назар аудара отырып, оларды жоспарлап және іске асыруда жергілікті атқарушы органдардың, әскери команда органдарының қатысуы қажетті және міндетті екендігін алдын ала анықтауына ерекше тоқталады.

## ОҚУ БАРЫСЫНДА КҮЗЕТ-ӨРТ ДАБЫЛЫН ҚОЛДАНУ

**Садвакасов Е.Е. - АҚ РОӘО оқытушысы**



Өрт төтенше жағдайлардың бір түріне жатады, ол жиі туындап отырады және ол әрбір адамның басына келуі ықтимал. Алайда заманауи әдістердің, жүйелер мен құрылғылардың арқасында бүгінгі таңда өрт сияқты қауіпті жаумен тиімді күресуге болады.

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 16-бабына сәйкес, әрбір ұйымда өртке қарсы үгіт жүргізілуі тиіс, сондай-ақ аталған ұйымдардың жұмысшыларын өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қажет.

Оқу-оқу – үйрену және жаттығуларды қарастырады. ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 18-бабына сәйкес, әрбір жеке тұлға оқуларға және жаттығуларға қатысуы тиіс.

Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, ілімді насихаттау, оқыту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 шілдедегі № 494 бұйрығы.

Осы Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту қағидалары азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихаттау, оқыту тәртібін айқындайды.

Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы басқару органдарының мамандарына хабар беру, білімді насихаттау, оқыту азаматтық қорғау іс-шараларын ұйымдастыру және орындау бойынша білімі мен машықтарын, төтенше жағдайларда іс-қимыл дағдыларын игеру, авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу, өзін-өзі құтқарудың және өзара көмектің негізгі әдістері мен тәсілдерін білу, халық арасындағы ықтимал шығындар мен материалдық нұқсанды барынша азайту мақсатында жүргізіледі.

Халықты және азаматтық қорғау саласындағы мамандарды оқыту кезінде дәріс, семинар, сыныптық-топтық сабақ, жаттығу және интерактивті сабақтар тәрізді теориялық және практикалық оқу нысандары кешенді түрде қолданылады.

Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығулар ұйымдардың қызметкерлерімен, студенттермен, білім беру ұйымдарының оқушыларымен, пе-

дагогтарымен, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиешілерімен, балаларымен және қызмет көрсетуші персоналмен өткізіледі.

Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығулар тоқсан сайын өткізіледі.

Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуларды сейсмикалық қауіпті өңірлердегі сейсмикалық жаттығулармен және сел қауіпті өңірлердегі сел жаттығуларымен біріктіруге рұқсат етіледі.

Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуларды дайындау және өткізу үшін жаттығу басшысы, оның орынбасарлары тағайындалады, сондай-ақ жаттығуды басқару штабы құрылады.

Өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуларды өткізу үшін мынадай құжаттар әзірленеді:

- білім беру ұйымы басшысының – Азаматтық қорғаныс бастығының бұйрығы;

- осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт жағдайындағы эвакуациялық жаттығуды дайындау және өткізу жоспары.

Азаматтық қорғау саласындағы жаттығу (ілі жаттығу) – ұйымның басшы құрамы мен қызметкерлерін оқытудың негізгі нысанының бірі болып табылады, оның барысында дағдыға машықтанады және іс жүзінде тәжірибе жинайды, әр түрлі төтенше жағдайларда олардың дайындығы тексеріледі. Жаттығудың әр алуан түрі бар. Әрбір жаттығу барысында ұйымның персоналы ТЖ туындау қауіпі және туындауы кезіндегі өзінің жасауы тиіс іс-әрекетін дайындайды. Осындай тренингтің ашылуының бірі – «Өрт-күзет дабылы берілген кездегі ұйымдар қызметкерлерінің әрекет етуі» болып табылады.

*Жаттығулардың негізгі мақсаты* – бұл персоналдың дайындығын тексеру және қолдау көрсету, Азаматтық қорғау ілі құрылымдарының өзара әрекеттестігі. ҚР ИМ №387 «Азаматтық құрылымдарын құру, ұстап тұру, материалдық- техникалық қамтамасыз ету, дайындау және тарту ережесі» туралы бұйрығына сәйкес, әртүрлі АҚҚ ілі деңгейде құрылады; алайда: өртке қарсы, медициналық көмек және байланыс сияқты АҚҚ барлық ұйымдарда құрылады. Жаттығу барысында, жоғарыда аталған АҚҚ-лар өртті сөндіру және оқшаулау, адамдарды эвакуациялау кезінде өзара әрекет ету мәселелерін әзірлеу керек.

ҚР ИМ 23.06.2017ж. №439 (15.06.2020ж. өзгерістерімен) бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне жалпы талаптар» техникалық регламент талаптарына сәйкес, күзет-өрт дабылы өртке қарсы жүйенің құрамдас элементтерінің бірі болып табылады. 2014 ж. 9 қазанда №1077 (13.12.2019 ж.) Үкімет Қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі ережесіне» сәйкес,



ұйымдар өрт кезінде көшіру жоспарын алдын ала әзірлеу, өрт кезіндегі әрекеттер бойынша жаттығулар өткізуі тиіс, соның ішінде күзет-өрт дабылы берілген кезде де, қауіпті аймақтан қауіпсіз аймаққа көшіру жолдарын анықтауы керек.


Жоғарыда көрсетілген нормативті құқықтық құжаттардың негізінде, осы мақалада оқу барысында күзет-өрт дабылын қолдану тәртібі анықталған. Сонымен, алдымен күзет-өрт дабылы дегеніміз не екендігін анықтап алайық. Күзет-өрт дабылы (КӨД) – бұл автоматты өрт сөндіру және өрт туралы хабарлау жүйесі үшін дабылдарды басқаратын құрылымдар мен ілердің жануы туралы дер кезінде хабарлауға арналған техникалық құралдар кешені.

Күзет-өрт дабылының қызметі:

- 1) өрт шыққан орынды анықтау;
- 2) ақпаратты өңдеу және хаттамалау;

3) дабылдың басқарушы дабылдарын қалыптастыру;

4) команданы өрт сөндірудің және түтіннен тазартудың, өрт туралы хабарлау жүйелерін, технологиялық, электротехникалық және ілердің өзге инженерлік жабдықтарының автоматты қондырғыларын қосуға қалыптастыру.



Күзет-өрт дабылы элементтері

Физикалы параметрлерді бақылау принципі бойынша күзет-өрт дабылының өрт хабарлағышы түтіндік, жылы өрт датчиктері, су ағызу датчиктері, улы немесе табиғи газ ағызу датчиктері болып бөлінеді. Күзет-өрт дабылының негізгі мақсаты адам өмірін сақтап қалу болып табылады.

Күзет-өрт дабылы қосылған кезде оқушылардың әрекетін қарастырайық. Жаттығу өткізілетін күні ұйымның басшысы мәжілісте оның дайындығы туралы жауапты тұлғаны тындайды. Барлық лауазымды тұлғалармен уақыты, жеткізу тәртібі және тәжірибелік бөлікті әзірлеуге оқу кіріспелері мазмұны мен жеткізу тәртібі келісіледі және нақтыланады. Бұл жаттығу сабақ аяқталғаннан кейін жүргізіледі, әдетте өрт қауіпсіздігі сабағынан кейін. Бұл жағдайда күзет-өрт дабылы түтін шыққанда түтін датчигі іске қосылып, дыбыс, сөйлеу және жарық арқылы хабарлау қосы-



луымен іске асырылады. Назар аударыңыз! Өрт қауіпі! Барлығы шұғыл үй-жайдан шықсын!

Оқу барысында күзет-өрт дабылын қолданудың негізгі мақсаты, тыңдаушылардың әрекеті, соның ішінде олардың үй-жайдан эвакуациялануы. Ол келесі тәртіппен жүргізіледі.

1. Тыңдаушылар класстағы барлық жұмыстарын тоқтатады.
2. Оқытушымен бірге барлық электр құралдарын сөндіреді.
3. Мүмкіндігінше ғимаратты тарататын электрқалқаншасымен қамтамасыз ету керек.

4. Эвакуация жоспарына сәйкес, ұйымдасқан түрде, ешқандай дүрбелең шығармай, эвакуациялық шығуға («ШЫҒУ» деп жасыл түспен жарқырап көрсетілген белгі бойынша) қарай жүру қажет.

5. Түтін иісі қатты шыққан жағдайда мұрын мен ауызды ылғалды матамен жабу керек (бұл жерде түтін арнайы түтін генераторымен жасалынады).

6. Жоғарғы қабаттардан баспалдақ арқылы түсе отырып, ғимараттан шығады, қандай жағдай болса да лифтке кіруге болмайды. Содан кейін адамдарды түгендейді.

Эвакуацияны ұйымдастыру кезінде өрттің зақымдаушы факторлары туралы ескеру керек және олардан болатын зақымдарды болдырмау үшін (тыныс алу органдарының қорғаныс құралдарын пайдалану, түтін-деген бөліктерді және ашық өрттің шағын бөліктерін жою тәсілдерін) қолдану қажет.

Егер тексеру кезінде бір адам жоқ болса, дереу оны іздестіру қажет. Іздестіруді топпен жүргізеді (екі-үш адаммен) және қауіпсіздік үшін өзара байланысып отырады. Кейбіреудің қорықаннан көз алдындағы кез-келген қауіпсіз орынға жасырынып қалуы мүмкін екеніне естен шығармау керек (шкафқа, жұмыс үстелінің астына, қуыстарға және т.б. жерлерге жасырынады) кейде тіпті қорыққанынан дыбысқа жауап бермеуі мүмкін. Сондықтан, тексеру кезінде барлық жабық және жасырын орындарды қарау керек. Іздестіру ғимараттың барлық бөлмелері, қуыс-қуыстары тиянақты тексерілгеннен кейін және онда ешкімнің жоқ екеніне көз жеткізгеннен кейін тоқтатылады.

Күзет- өрт дабылын қолдану арқылы өткізілген жаттығудан кейін, қорытынды шығарылады. Бұл қорытындыда күзет-өрт дабылы құралы іске қосылған кезде жүргізілген жаттығуға баға беріледі, сонымен қатар осы жаттығуға қатысқандардың барлығына жеке-жеке баға қойылады.

**«СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР»**

Журналдың алдыңғы нөмірлерінде АҚ бойынша семинар-тренинг тыңдаушылары үшін, «Ұсыныстар мен пікірлер кітабын» Орталық әзірлегені туралы редакция белгіледі, бұл кітапта әрбір тыңдаушы АҚ бойынша санатқа жататын ұйымындағы шешілмеген және мерзімі жеткен мәселелерін көрсеткен болатын.

2020 жылғы әр журнал нөмірінде осы журнал оқырмандарының назарына, АҚ бойынша санатқа жататын ілерге тән азаматтық қорғаныс бойынша семинар тыңдаушыларының қойған сұрақтарының ішінен үш сұрағына жауаптарды ұсынып отырдық. Журналға жазылғандар мен семинар тыңдаушыларының сұрауы бойынша редакция үздіксіз беріп отыру негізінде «Сұрақтар мен жауаптар» айдарын жүргізіп отыруды жалғастыруда.

2020 жылғы №3 журналда АҚ семинары тыңдаушыларының үш жаңа сұрағын ұсынамыз. Сонымен, бұл сұрақтар келесі сипатта және мазмұнда.

**№1- сұрақ Ахметов Серік Жетпісбаевичтан – Маңғыстау облысы «Порт Құрық» ЖШС бас директоры**

*Сұрақтың мазмұны: Біздің экономикалық және қорғаныс мағынасы бойынша АҚ бойынша санатқа жатқызылған, ал бұл дегеніңіз інің жұмысы жұмылдыру мәселелерімен байланысты ғой? Менің естуімше, биылғы, яғни осы жылдан бастап жұмылдыру дайындығы бойынша тексеріс жүргізіледі. Мемлекеттік бақылаудың жаңа түрін білгім келеді?*

*Жауаптың мазмұны: 25 мамыр № 332-VI ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» Заңына сәйкес, 2020 жылдан бастап жұмылдыру дайындығы бойынша мемлекеттік бақылау шеңберінде дайындаудың жаңа түрі іске асырылады.*

Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру бойынша мемлекеттік бақылау, Қазақстан Республикасы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласы бойынша заңнаманы бұзушылықты болдырмау мақсатында іске асырылады.

Мемлекеттік бақылау субъектісі (келесіде-бақылау субъектілері):

1) Жұмылдыру тапсырмасы бар Қазақстан Республикасының мем-

лекеттік органдары кіреді, оған Қарулы күштер, басқа да әскерлер мен әскери құрамалар, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде қарастырылған оқиғалар кірмейді;

2) жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдар.

Мемлекеттік бақылауды жүргізу тәртібі:

1. Жұмылдыру дайындығы бойынша уәкілетті орган, кезең сайын және жоспардан тыс тексеру түрінде мемлекеттік бақылауды жүргізуде.

2. Кезең сайын тексеру, жұмылдыру дайындығы бойынша уәкілетті органмен бекітілген тексеруді жүргізу кестесіне сәйкес, үш жылда бір рет жүргізіледі.

Жұмылдыру дайындығы бойынша уәкілетті орган, келесі жылдағы тексерулерді жүргізу кестесін әзірлеп, жылдың 1- желтоқсанынан кешіктірмей, тексерулер кестесін бекітеді.

Бақылау субъектілері немесе олардың уәкілетті өкілі тексеру жүргізген кезде құқылы:

1) мына жағдайларда тексеруді жүргізу үшін, жұмылдыру дайындығы бойынша келген уәкілетті органның лауазымды тұлғалары тексеруге жіберілмейді:

Берілген Заңда белгіленген мерзімге сәйкес келмейтін, тексеруді белгілеу туралы актідегі мерзімнен бұрын немесе ол мерзім өтіп кеткенде;

- берілген баптың 8-тармағында қарастырылған құжаттар жоқ болғанда;

- негізгі Заңмен белгіленген мерзімнен көп мерзімге созғанда ;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тексерістің нәтижесі туралы актіге, тексеріс барысында анықталған бұзушылықтар туралы шағым беру.

Жұмылдыру дайындығы бойынша уәкілетті органның лауазымды тұлғалары тексеріс кезінде бақылау субъектісінен талап ете алады:

1) мемлекеттік құпиядан тұратын деректермен жұмыс істеуге рұқсаты бар туралы анықтама;

2) сәйкестендірілген карта.

Тексеру мерзімі, тексеру мәнін есепке ала отырып, сонымен қатар жұмыстың көлеміне қарай белгіленеді және жеті жұмыс күнінен көп болмауы керек.

Тексеру жүргізу мерзімі бір-ақ рет ұзартылуына болады, ол он бес жұмыс күнінен көп болмауы керек. Ұзарту жұмылдыру дайындығы бойынша уәкілетті орган басшысының шешімімен іске асырылады.

Текеру жүргізу мерзімін ұзарту, тексеруді белгілеу мен ұзарту себебі

туралы алдыңғы актінің тіркеу нөмірі мен күні көрсетілген қосымша актімен бірге тексеру мерзімінің ұзартылғаны туралы бақылау субъектісіне ескертумен рәсімделеді.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы бұйрық, бақылау субъектісі үшін орындау міндет болып табылады.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы бұйрығы бар (ол болған жағдайда) тексеру нәтижесі туралы актінің бір данасы, бақылау субъектісінде түпнұсқасы бар құжаттардың көшірмесін қоспағанда, бар қосымшалардың көшірмесі, анықталған бұзулармен танысып, оларды жою бойынша шараларды қабылдау үшін, мемлекеттік құпиялар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылау субъектісіне тапсырылады.

Ескертулер мен (немесе) тексеру нәтижесі бойынша қарсылықтар болған жағдайда бақылау субъектісімен жазбаша түрде беріледі. Ескертулер мен (немесе) қарсылықтар тексеру нәтижесі туралы актіге қосымша беріледі, ол туралы сәйкес белгі қойылады.

## **№2- сұрақ Мамытов Арман Мырзалиевичтен – Павлодар облысы «КазМинералз Бозшакөл» ЖШС үйлестірушісі**

*Сұрақтың мазмұны: Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның бөлек жерінде азаматтық қорғанысты енгізу, тек қана әскери қақтығыс басталғанда басталады. «Әскери қақтығыс» дегеніміз не және оның қандай түрлері бар?*

*Жауаптың мазмұны:* ҚР Президентінің жарлығымен бекітілген, ҚР Әскери доктринасында, әскери қақтығысқа мынадай түсініктеме беріледі, бұл- мемлекетте әскери жағдай енгізілетін (аумақтың бір бөлігінде немесе тұтас) мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу түрі. ҚР әскери доктринасында қарқындылығы бойынша әскери қақтығыс үш түрге бөлінген.

Төмен қарқындылықтағы әскери қақтығыста мемлекеттің әскери ісі шиеленіс ошақтарын жоюға, әскери іс әрекеттердің ұлғаюының алдын алуға, қақтығысты әскери күшті қолдану арқылы шешуге, жағдайды қалыптандыруға, Қазақстан Республикасындағы заң мен құқықтық тәртіпті қалпына келтіруге, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен мемлекеттің халқына қажетті көмекке көрсетуге бағытталған.

Төмен қарқындылықтағы әскери қақтығыста, бейбіт уақытта үздіксіз

дайындықта болатын басқару органдары, байланыстар мен Қарулы Күштердің әскери бөлімдері, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларды тартылады.

Орташа қарқындылықтағы әскери қақтығыста, төмен қарқындылықтағы әскери қақтығыста өткізілетін іс-шараларды қоспағанда, мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасының экономикасы, әскери уақытта қызмет көрсетуге ауысады, аумақтық қорғаныс және қарулы қорғану үшін Қарулы күштер стратегиялық орналастырылады.

Жоғарғы қарқындылықтағы әскери қақтығысқа Қазақстан Республикасын тартқан жағдайда, мемлекеттің қарулы қорғау мүддесінде, Қазақстан Республикасында бар ұжымдық қауіпсіздік ұйымының күштері мен құралдары қолданылады.

### **№3-сұрақ Бектұрғанов Азат Каирдулдиновичтен– Қостанай облысы «Алюминий Казахстана» АҚФ директоры.**

*Сұрақтың мазмұны: Орталық оқытушылары АҚ бойынша сабақ барысында 2020 жылдан бастап АҚ бастықтарының (жұмылдыру іс-шараларын орындау бойынша ұйымның бірінші басшысы) жауапкершілігі туралы бөлімге өзгерістер енгізілетіні туралы айтты? ҚР Қылмыстық кодексінде жауапкершіліктің қандай шаралары анықталған?*

*Жауаптың мазмұны:* Ия, Қазақстан Республикасының «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 25 мамырдағы № 332-VI Заңына сәйкес, ұйымның басшылары жұмылдыру дайындығының қалпына, жұмылдыру дайындығы мен тапсырыстардың мүддесінде жұмылдыру мен әскери жағдай бойынша отырған шарттардың (келісім-шарт) орындалуына жауапты. Жұмылдыру тапсырмаларын немесе соғыс уақытында және соғыс жағдайында жұмылдыру тапсырысын қасақана орындамау, қылмыс болып табылады. ҚР Қылмыс кодексінің 388-1 бабына сәйкес, жұмылдыру кезеңінде, соғыс уақыты мен соғыс жағдайында лауазымды тұлғаның немесе коммерциялық немесе басқа ұйымда, немесе мемлекеттік қызметтерді орындауға уәкілетті тұлғалармен тең тұлғалардың жұмылдыру тапсырмалары мен жұмылдыру тапсырыстарын қасақана орындамауына – бес мың есептік көрсеткіште айып пұл салынады немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарын істейді, немесе бес жылға дейін бостандығына шектеу қойылады, болмаса осы мерзімге бас бостандығынан айрылады.

2. Ауыр зардаптарға алып келген әрекеттер – бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Сонымен қатар, 2014 жыл 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзу» Кодексінің 643-1 бабына сәйкес, жұмылдыру дайындығы бойынша Қазақстан Республикасында келесі заңнамалық бұзушылықтар түрлері анықталды. Бұл:

1) жұмылдыру тапсырмасы немесе жұмылдыру тапсырысы бар мемлекеттік органдарда, облыс әкімшіліктерінде, республикалық мағынасы бар қалаларда, астанада, аудандарда (облыстық мағынасы бар қалалар) және ұйымдарда жұмылдыру жоспарының жоқтығы;

2) қарулану мен әскери техника құралдарына, маңызды азаматтық өнімге, сондай-ақ жоғарғы қауіпті ілердің жобалық құжаттарына, халықты тіршілікпен қамтамасыз ету жүйесі мен ұлттық игілік болып табылатын объектілердің сақтандыру қорының техникалық құжаттарын құру мен сақтау бойынша іс-шараларды орындамау;

3) жұмылдыру жарияланған кезде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарға, Қазақстан Республикасының арнайы мемлекеттік органдарына, сонымен қатар жұмылдыру тапсырысын орындайтын ұйымдарға жеткізуге арналған арнайы құрылымдар мен техниканы дайындау бойынша іс-шараларды жүргізбеу;

4) жұмылдыру резервінің материалдық құндылығы қорын құру, жинақтау, сақтау мен жаңартып отыру бойынша іс-шараларды жүргізбеу;

5) әскери міндеттілерді брондауды жүргізбеу – ескерту алады немесе лауазымды тұлғаларға отыз айлық көрсеткіш мөлшерінде, шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға - қырық, орташа кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен айлық көрсеткіште айыппұл салынады.

*Сұрақтарға жауапты АҚ РОӘО оқытушылар құрамы дайындады*

## АҚ БОЙЫНША БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ МОЛ



Мен, *Черепанов Андрей Владимирович*, KAZ Mineral Bozshakol компаниясында еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бойынша үйлестіруші болып жұмыс істеймін. Біздің компаниямыс кенін өндіріп және өңдеу бойынша ірі кәсіпорындардың бірі және қазақстандық индустрияның флагманы (көшбасшысы) болып табылады. Компанияның бөлім-шелерінде 10 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Экономикалық және стратегиялық маңыздылығы бойынша кәсіпорын АҚ бойынша санатқа жатқызылған. Сондықтан да, компания басшылығы, басшылық құрамынан бірнеше адамды АҚ РОО -ға оқуға жіберді. Бұл орталықпен бізді өте тығыз іскерлік қарым - қатынас байланыстырады. Біздің компанияда соңғы жылдары Азаматтық қорғау жән азаматтық қорғаныс бойынша орталықта оншақты адам білім алды. Менің әріптестерімде осы бір Орталық туралы жылы және жақсы естеліктер қалды. Мен де елімізге таңымал Орталықта оқуға жақында мүмкіндік алған болатынмын.

Бұл семинар – тренингке дейін мен азаматтық қорғау жүйесі мен АҚ (азаматтық қорғаныс) іс-шаралары туралы түсінігімнің аз болғанын мойындаймын. Оқу барысында, мен, азаматтық қорғаныстың барлық аспектілері бойынша өте көп пайдалы ақпаратты алдым. Әртүрлі көздерден – оқытушылардың жоспарланған білімді дәрістері, бейнематериалдар, оқытушы компьютерлік программалар, топтағы әріптестердің тәжірибесі. Бес оқу күні, менің меңгеріп жатқан жаңа қызметімдегі ең өнімді уақытым деп санаймын!

Орталықтың барлық ұжымына шығармашылық табыс тілеймін. Аудиторияны ұйытып тыңдата алған, материалдарды өте сауатты жеткізе алған, әр адамнан «тұлғаны» көре алған оқытушылар құрамына ерекше рахметімді айтамын.

Оқытудың ыңғайлы үлгісі, қызықты және көкейкесті дәрістер, пайдалы материалдар, міне осының барлығын АҚ-ны ұйымдастыру және іс-шараларын енгізу кезінде тәжірибелік іс-әрекетте пайдалануға болады, бөлімдер бойынша білімді тексеру тәсілі ретінде аралық те-

стер ұнады, өзіңнің қателеріңді көруге болады, материалды тағы да бір рет қарап шығып, бағаны жоғарлатуға мүмкіндік аласың, яғни өзіңнің мамандығы бойынша білім дәрежесін жоғарлатқысы келетіндер үшін, барлық жағдай жасалынған.

Мен үшін курстағы тәжірибелік сабақтар ең маңызды болды, барлығын нақты түсіндіру, көп нәрсенің жауабын берді. Сабақтарды тыңдау, жағымды болды, ол жақсы эмоция қалдырды. Әсіресе «АҚ жүйесін бейбіт уақыттан соғыс уақытына ауыстыру» тақырыбы бойынша штабтық жаттығуды бөліп айтқым келеді. Әр тыңдаушы (оқушы) шартты санатталған інің лауазымды қызметкері болып тағайындалды. Әр топқа ұсынымнан дұрыс іс-шараларды таңдап, АҚ-ның ілік жүйесін бейбіт уақыттан соғыс уақытына көшіру міндеті қойылды. Өте қысқа уақытта АҚ-ның дайындық дәрежесі бойынша барлық іс-шараларды орындау керек болды. Біздің команда шектеулі уақытта бәрін жасап үлгерді, сонымен қатар аралық тапсырмаларды сәтті орындады, мысалы: газқағарды кию, АҚ бойынша дабылдағы іс-әрекет. Бір сөзбен айтқанда, АҚ семинары қызықты өтті, барлық сабақтар интерактивті форматта болды.

Семинар-тренинг ұйымдастырушыларына үлкен алғыс айтқым келеді. Бәрі сауатты, қолжетімді, ізгі ниетпен болды! Біздің компанияның және жеке өзімнің атымнан Орталық ұжымына сәттілік, отбасына бақыт және денсаулық тілеймін!

*Черепанов А.В. - KAZ Mineral Boshakol компаниясының еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бойынша үйлестірушісі.*





## ПСИХОЛОГТЫҢ ТЖ БОЛҒАН КЕЗДЕГІ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН

***Н.С. Сычугова - аға эксперт-психолог,  
ҚР ТЖМ «Апаттар медицинасы  
орталығы» ММ***

Ірі ТЖ болған кезде, маңызды міндет – адамдарды құтқару. Соның ішінде, ауыр психологиялық жарақаттан сақтап қалу. Міне, нақ осымен ҚР ТЖМ Апаттар медицинасы орталығы психологтары айналысады.

Апаттар медицинасы орталығының Шұғыл психологиялық көмек көрсету бойынша бөлім басшысы Наталья Сычугова өзінің мақаласында Арыстағы жарылыстан кейінгі «жедел» желісіне түскен қоңыраулары, өрттен қаза болған 5 апалы-сіңілілердің ата-анасымен жүргізілген жұмыс жайында, сиқыршы-құтқарушылар мен сыйға берілген жұмсақ жиһаз туралы айтатын болады.

Апаттар медицинасы орталығы ТЖМ-нің құрылымына кіреді. Бұл, табиғи және техногендік ТЖ аймағына, ірі ЖКА орнына баратын, сонымен қатар қажет болған кезде құтқарушыларды да құтқарып қалатын адамдар. Әрине, орталық құрамына психологиялық қызмет кіреді, олар адамдарды құтқаруға көмектесіп ғана қоймайды, сонымен қатар қызметкерлердің психоэмоционалды жағдайымен жұмыс істейді, себебі орталық қызметкерлері әрдайым адамдардың ауруын, қорқынышы мен тіпті өлімін көреді. Психологиялық қызмет түріндегі бұл маңызды бөлімше 2009 жылы құрылды, сол кезде бұл бөлімшеге 23 жасар Наталья Сычугова жұмысқа тұрды. Наташа Көкшетауда психологтың мамандығын алып, университеттен кейін, өзінің айтуы бойынша «қызықты салада» жұмыс жасады.

«Менің жұмыс істеу кестем жиі ерікті болатын. Біз «Болашақ» үміткерлерінен командамен тест алып, олармен жұмыс жүргіздік. Содан кейін мен «бизнес-тренинг» саласында жұмыс істедім. Бір мезгілде мен өмірімде ешқандай да ұйымшылдықтың жоқ екендігін түсіндім, мен атаулы ұйымда жұмыс істегім келді. Сонымен осында келдім. Менің тәлімім бастапқыда бос болатын, еш тәртіп болмады. Бастапқы үш жыл, мен үшін менің өмірімдегі ең жақсы жылдар болды! Мен маман ретінде не

болса да, қажетті біліммен мүмкіндігінше «сусындадым». Әрдайым оқу, үйрену, жаңалық көп, әрқашан белсенділік толқынындасың. Содан кейін бала күтіміне байланысты демалысқа кеттім, жұмысымды қатты сағындым. Адамдар басқа жерде қалай жұмыс істейтіні мен үшін түсініксіз болды. Мен әр маманға, өзіме басшылық тарапынан көрсетілген осындай қамқорлықтың болғанын қалаймын», — дейді Наталья.

Сондай-ақ ол жұмысын бірінші махаббатымен салыстырады. «Бастапқыда өте қорқынышты» болғаны туралы жасырмайды.

«Бірақ тоқтау қойып, бір нәрсені ойлануға уақыт болмады» - деп ағынан жарылды Наталья.

Бүгінгі күні Наталья психологиялық қызметте 10 жыл жұмыс істейді. Осы уақыт аралығында ол өте жас, өзінің айтуынша қатал тәртіпке үйренбеген бойжеткеннен тәжірибелі маманға және басқа адамға айналды. Бірінші кезекте оны өзгерткен оған кездескен оқиғалар болды.

«Бірінші шығу ешқашан естен кетпейді». Бұл өрт болатын. Әйел адам балалары ұйықтап жатқан үйге өрт қойған. Мен оқиға орнына келген түнгі сағат бір шамасы болатын. Өрт сөндіру жұмысы енді басталып жатқан болатын. Аумаққа жүгіріп кірсем, мәйіттердің үстінен бірақ шықтым. Қыс, балалардың мәйіті жерде жатыр, үстін жауып қойған. Бір кезде мен көмектескім келмейтіндігін түсіндім. Өз-өзімді қолға алып, өз жұмысымды жасадым. Бізді ол жерге өзіне қол жұмсау бойынша шақыртқан болатын. Жұмысымызды таңғы төртке жақын аяқтадық. Әрине ең қызығы, біздің эмоциямыз ұмытылмайды. Әдетте шығулардан кейін мен қандай әсерде боламын? Жиі бір ашу алады (күледі). Бұл менің күйзелісім. Айтпақшы, менімен «жұмыс істеген» әр адамды есіме түсіре аламын», - дейді Наташа.

Апаттар медицинасы орталығында өзіне қол жұмсау әрекетіне шығулар бойынша қызмет алынып тасталғанына көп болған жоқ. Бірақ бұрындары олар психологиялық қызметпен бірге осы сияқты қауіпті шақыруларға баратын.

«Бұрынырақ біз өзіне қол жұмсамақ болған адамдарға өте жиі шығатынбыз. Ал астанамызда мұндай оқиғалар көп. Біздің мақтанышымыз — біз оқиға орнына келгенде өзіне қол жұмсап қаза тапқандар болмады. Тек бір ғана оқиғада біз кешігіп қалдық, мәселе аулаға қай жағынан келсекте кіре алмағандықта болды, міне сондықтан да кеш болды. Айтарым, өзіне қол жұмсамақ болған адам, бұл іске ұзақ дайындалады. Алдымен ой ке-

леді, содан кейін ұзақ қол жұмсау тәсілін таңдайды. Бұның барлығы адамның әлемнен алшақтап, оны ешкім түсінбейді деп шешеді, ол ешкіммен ашық сөйлесе алмайды, міне осының барлығы адамды осындай қайғылы қадамға итермелейді. Біз оларға алдымен сезім туралы айтамыз. Сонымен қатар, мен сіздерге жоғарыда тоқталып кеткен процесс туралы айтып бастасақ, мұндай адамдардың (өзін қол жұмсамақ болған) көңілі босап, көзіне жас үйіріле бастайды. Адам оны басқалардың түсінетіндігін, оның бұл әлемде жалғыз еместігі, оған көмектесуге адамдар қол созғанын сезінеді. Осы қатынас болған жағдайда – жағдай шешілгендігі» - деп түсіндіреді психолог.

Наталья бұрынырақ өзінің ұжымдастарымен «сенім телефоны» арқылы да адамдарға көмектесті, бұл желіге де кейбір кездері өмірімен қош айтысқысы келетін адамдар қоңырау соғатын.

«Бір әйел адам болды, біз онымен 2 апта көлемінде жұмыс істедік. Оның жұбайы тастап кеткен, қарыздар, бірнеше баласы бар. Ол бізге қоңырау соғып, өзінің қазір асылатынын, және біздің келіп балаларды алып кетуіміз керек екендігін айтатын. Біз онымен жұмыс істедік, әңгімелестік. Қазір оның жағдайы жақсы, ол басқа қалаға көшті, өмірі қалыпқа келді. Содан кейін маған қоңырау соғып, кездескісі келетіні жайында айтты, бірақ «сенім телефоны» жұмысында бұған тыйым салынады. Дегенмен де, біз телефон арқылы біраз уақыт байланыста болдық. Қазір телефон жоқ. Ол қызметкерлер үшін құрылған болатын. Біз физикалық тұрғыдан үлгере алмадық, Нұр-Сұлтаннан 1,5 мың құтқарушы бар, ал психологтар өте аз. Міне сондықтан да осы телефон пайда болды. Одан кейін халық та қоңырау соғатын болды, сондықтан да біз міндеттерді қайта тұжырымдадық. Бастапқыда қоңырау көп болды, көбінесе жасөспірімдер көп қоңырау соғатын. «Менің аяғым ауыр, жасым 15-16-да, не істеймін?». Міне осындай сұрақтар. Өзінде СПИД болуы мүмкін екендігі туралы айтқан қыздар да болды. Біз оларға байланысу қажет жерлерді бердік, іс-әрекет алгоритмін ұсындық. Ал содан кейін байланыс-орталығы, мамандандырылған шұғыл, ауруханаларда психологтар желілер пайда болды, бізге келіп түсетін қоңыраулар тоқтады десекте болады, сондықтан да біз телефонның жұмысын тоқтаттық», - деп түсіндірді Наташа.

Өздерінің көмектескен адамдарының, кейінгі өмірі қалай болғандығы жайында біліп тұратындығын да жасырған жоқ. Олармен жеке

кездесуге тыйым салынады. Атап айтқанда «сенім телефоны» арқылы көмек көрсеткен адамдарға.

«Кейде біз ол адамдардың тағдыры қалай болғаны туралы біліп жатамыз, оған тыйым салынбаған. Бірақ оған тереңірек үңілуге болмайды. Бұл тәжірибені жұмыстан тыс, жеке өмірге кіргізуге болмайды. Бізде қызық жағдайлар да болды, мысалы, бір адам қоңырау соғып алғысын білдіріп, өзіне бір миллионға сатып алған жұмсақ жиһазын бізге сыйламақ болды (күледі). Жақын қатынас адамның бойында бар, ол психологтың көмегімен жасалынады, сондықтан да осы сияқты байланыс біраз уақытқа дейін жалғасын табады. Егер осы байланыс болмаса, психолог жұмысын аяқтамаған», — дейді Наталья.

### **ӨРТТЕ ҚАЗА ТАПҚАН СИТЕРЛЕРДІҢ АТА-АНАСЫМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫС**

«Ия, біз ол жерде жұмыс істедік. Бірақ, сіздерге айтарым, адамдардың қайығыруға шамасы келмеді. Біздің мамандардың қыздардың ата-анасымен жеке қалуға мүмкіндігі болмады. Қатты қайғырған туыстары да болды, олармен өте аз жұмыс жүргізілді. Өте көп адам оқиға орнына келіп жатты, сондықтан да ол біздің жұмысымызға кедергі болды. Біз мәйіттерді жер қойнына тапсырғанша, шамамен екі тәулік сол жерде болып, біздің психологтар кезекшілік жүргізді. Ал кейбір адамдар кез-келген уақытта келіп жатты, тіпті қыздардың ата-анасы тамақтанып отырған кезде де, сонымен қатар өзінің көмегін ұсынған әртүрлі ассоциациялар мен ұйымдардың өкілдері де келіп жатты. Кейбір адамдар осындай сипатта көмек бергісі келеді. Осының салдарынан қыздардың ата-анасы болған жәйітті толық сезіне де алмады. Бірақ халықтың ынталы да қарқынды ықпалы өте қатты көмегін тигізді десе де болады».

### **АРЫСТА БОЛҒАН ЖАРЫЛЫСТАН KEЙІНГІ «ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ»**

«Астанада «жедел желі» жұмыс істейтін 2 пункт ашылған болатын». Бірінші тәулікте өте ауыр болды, біз телефоннан ажырай алмадық десек те болады, бізде тек төрт-ақ психолог болды. Қарқынды түрде көшіру болып жатты, адамдар ештеңені түсінбестен қашып жатты, олардың қашуы – бұл да күйзелістің әрекеті. «Мен бір жерде тұрмын, бірақ қай жер екендігін білмеймін» деген сөздермен қоңыраулар түсіп жатты. Өте қатты эмоцияға берілген әйел адам қоңырау соқты, біз 5 минут оны тыныштандырып,

жұбатумен болдық. Содан кейін ол тыныштанып, анық сөйлей бастады, тұрған жерін сипаттады, біз оған көмектің уақыт алатындығы жайында түсіндірдік, олар өздеріне дәрігерге дейінгі көмек көрсету қажет екендігін айттық. Біреулер телефонға «бұл соғыс!» деп айқайлап жатты, біздің міндетіміз мұндай шындыққа жанаспайтын жалған ақпараттың таралып кетпеуін қадағалау. Ақпараттың жоқ болуы қашанда халықты қорқытады. Екінші тәулікте дұрыс емес ақпараттың көбеюімен мәселе туындады, бір түннің ішінде адамдар неше түрлі ақпараттар айтып шықты. Бізге, яғни астанаға аймақтардағы психолог қоңырау соғып отырды, біз әр сағат сайын жиналған ақпаратты беріп отырдық.

Бірінші күні біз ТЖ-ға көмек көрсеттік, қай жерде тұрғанын анықтауға көмектесіп, тыныштандырдық, ал кейбіреулер қоңырау соғып, ештеңе айтпастан жылады, олар қатты қорқып қалғандар. Ал екінші тәулікте – ақпараттық жұмыстарды жүргіздік, үшінші күні қозғалыс қашан болады, поездар қашан жүре бастайды деген сұрақтар басталды. Төртінші күні «біздің жануарларға кім тамақ береді?» деген сұрақтар пайда бола бастады. Адамдар қарбаласта үйлерін тастап кеткен, ал ит, мысық, үй жануарлары қалып қойған. Бұл жерде біз Ауыл шаруашылық министрлігінен мал дәрігерлерін жұмысқа қостық, олар бізбен бірге кезекшілік жүргізіп, осы сияқты сұрақтарға жауап беріп отырды. Бесінші күні астана тұрғындары қоңырау соғып, қандай көмек қажет екендігін сұрап жатты.

Тағы да бір әйел адам болды, ол бала бақшаның тәрбиешісі екен, ол балаларды алып жертөлеге паналаған. Ата-аналар балаларын таба алмағын, олар да қоңырау соқты. Шымкентте және Түркістан облысында байланыс нашар болды, бізге қоңырау соқты. Бір сөзбен айтқанда жоғалған адамдар бойынша да қоңыраулар бізге түсіп жатты. Шет ел елшілігінен де қоңырау аз болған жоқ. «Ол жерде біздің азамат бар, ол поездда болған». Армениядан, жиі Ресейден, Беларусьиядан да қоңыраулар түсіп жатты. Соңында барлығы да ұйымдастырған түрде жүргізілді. Бұл басшылыққа айтылатын алғыс».

### ТӘЖІРИБЕ — ҚИЫН ҚАТЕЛЕР БАЛАСЫ?

«Баланың өлімі болған оқиға болды. Сол кезде мен адамның өз тіліне ие болуы керек екендігін түсіндім. Менің тарапымнан «сіздің тағы да бір балаңыз бар ғой» деген сияқты сөздер шыққан. Бұл мен енді жұмыс жасап бастаған кезде болды. Ал қаза болған баланың анасы екінші аман

баласына емес, айрылып қалған баласына уайымдайды. Бұл жағдай, осы күнге дейін менің есімде. Бізде ешбір нұсқаулық болмады ғой, барлық тәжірибелік жолмен, міне осы сияқты да тәжірибе басымыздан өтті. Бірақ бұл оқиғада көмегіміз тиген болу керек, себебі туыстары хабарласып, баланы жерқойнына тапсыратын күні келіп, өз ықпалымызды беруді сұрады. Менің әріптесім барды.

Ешқашанда бәрі жақсы болады деп айтпаңыз. Жақынының қазасына қайғырып отырған адам үшін, ең аз дегенде бір жыл қиын болады. Содан кейін барып ғана адам өзіне келе бастайды.

Біз жүргізген әр жұмысқа мен мақтана аламын. Біз ешқашан көлеңке де қалып қоймай, қажет жерге келеміз де, көмектесеміз. Біздің жұмысымыз әрқашан тиімді, дегенмен әр оқиға өзінше ерекше.

Ірі әуеқирауы болды (21 адамның өмірін алған 2013 жылы Алматының маңында болған авиапат), Көкшетауда «жедел байланыс» ашылды, ол жерге мәйіттерді жерлеуге жеткізді, ол жерде де біздің психологтар жұмыс жасады. Мен бала күтіміне байланысты демалыста болдым, ол жерде жұмыс жүргізген өзімнің әріптестерімнің жұмысын мақтан тұттым, олар жарады. Біздің жұмысымызға рахмет пен алғыс айтулар болған кезде, бұл біз үшін ең үлкен марапат.

### **ҚҰТҚАРУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖӘНЕ ӨЗІНДІ РЕТКЕ КЕЛТІРІП ОТЫРУ**

«Біз АМО қызметкерлерімен де жұмыс жүргіземіз. Жұмысқа енді қабылданған қызметкерлер психодинамикадан өтеді, біз олардан тест аламыз. Критерийлер — парасат, қарым-қатынастық дағдылар, ұйымдастырушылық, сабырлық, әрине. Жұмыс істеп жүргендердің кәсіпқойлығының төмендеуін уақытында біліп отыру үшін, жылына 2 рет диагностикадан өтеді.

Сонымен қатар психологиялық жеңілдік үшін кабинет бар — бұл жерде массаж жасайтын жайлы орындықтар, босаңсытатын роликтер немесе музыка, немесе тіпті жайлы тыныштық, бұның барлығы таңдауға байланысты, алауошақ — күйзелістен арылу үшін, бар болғаны керектері осылар. Күйзеліс әрқашан адамның денесінде қалады, бұлшықеттер босаңсыған кезде, адамның басы да босаңсып демалады. Біз өзіміз психологтар, бір-бірімізге көмектесу үшін, сырттан бақылауды оқыдық. Біздің басшылықтың бізге жақсы қолдау көрсететіні қуантады. Бізді бірнеше елде оқытты — Ресейде, Украинада, Америкада. Кеңестер әзірледік.

Айта кететін бір нәрсе, құтқарушыларға да психология оқытылады, олар психологқа дейінгі көмекті көрсетуге міндетті, байланысты орнатып, көмекті ұйымдастырады. Құтқарушыларға зардап шегушінің туысының телефон нөмірін табу қажет болады және т.с.с.. Біздегі мамандар оқытылған. Олар өздерін реттеп отыру тәжірибесінен де өтеді, яғни олар өздерінің психологиялық жағдайын бақылап, зардап шеккендерге де қатар көмектеседі. Олар осындай сиқыршылар. Бұл жерге шынайы көмек көрсеткісі келген адамдар келеді, ал альтруизм бәрінде бар».

### **ЖЕКЕ ӨЗГЕРІСКЕ 10 ЖЫЛ**

«Бұрынырақ маңыздылық, қобалжыған адамдардың күйі сияқты түсініктер болған жоқ. Тоқтаусыз жылайды. Мүмкін тым жас болған шығармын, әрине бұрын бағалай алмаған заттарымды қазір бағалайсың. Кез-келген адамның өмірі бағалы, бұны кейінірек түсіне бастайсың. Адамдар - олар өте жақсы (күледі). Көмек қажет болған адамға көмектесуге келеміз, ол кім болса да, тіпті қылмыскер болса да, бірақ сіз адам-адамға принципімен қарым- қатынасқа түсесіз. Біз теңбіз. Бағалау деген болмайды. Бұндай түсінік, мен осы жұмысқа келгеннен кейін қалыптасты».

### **АПАТТАР МЕДИЦИНАСЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГЫ ҮШІН РЕЛАКС**

«Мен не қараймын? Мен теледидарды қоспаймын, ақпарат онысыз да көп! Егер біз үйге келгеннен кейін психолог емес жай адам ретінде қалыпқа түспесек, дұрыс болмайды. Қорқынышты фильмдерді көрмегеніме 4 жылдай болды. Трагедиялар, қорқынышты фильмдерді— көрмеймін. Тіпті фильмдегі қайғылы оқиғалардың өзі сізге ауырлық түсіруі мүмкін, жарақаттайды. Жұмыстан келіп, осы сияқтыларды көру мазохизм шығар. Бірақ! Мен Стивен Кингды жақсы көремін және оның шығармаларын оқимын (күледі). Біз барлығы сияқтымыз. Достарымызбен кездесеміз. Бұрындары жұмыста болған оқиғалар туралы бөлісетінбіз. Қазір жұмыспен байланысты нәрсенің барлығын осында тастап кетеміз, кешкісін өзіміз үшін өмір сүруге барамыз. 10 жылдан кейін туыстарым жұмыс туралы еш нәрсе сұрамайды. Мен түйелерді жақсы көремін! Егер олар шаршаса жүрмейді, жай ғана шөгіп, демалып алады. Ал кейбір адамдар ат сияқты жұмыс істейді, одан өздері де оны қоршаған адамдар да қиналады. Егер сен шаршасаң – тоқта. Бұл маңызды».



## АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ОҚУ ҚҰРАЛЫ (II-kiman)

### I -тарау. Шұғыл медициналық көмек көрсету тәртібі

#### 7-тақырып. МЕДИЦИНАЛЫҚ СҰРЫПТАУ: ТҮРЛЕРІ, БЕЛГІЛЕРІ

**Медициналық сұрыптау** (триаж) – төтенше жағдайлар салдарынан зардап шегушілер жаппай келіп түскен кезде зардап шегушілер мен ауруларды зақымдану ауырлығына (ауруына) және сипатына қарай бөлу, біртекті емдеу-профилактикалық шараларды қажет ететін топтар немесе кезектілігін анықтай отырып, эвакуациялық шаралар жүргізу тәсілі мен әр топқа көмек көрсету орны және/немесе кезектілік пен эвакуациялау тәсілі.

Медициналық сұрыптау әдістері мен үйренуді бірінші рет теория жүзінде негіздеген және оларды практикада қолданған **Н. И. Пирогов**.

#### **Пироговтік негізгі сұрыптау белгілері:**


1. Зардап шегушінің айналасындағыларға залал келтіру қаупі;
2. Зардап шегушінің емдеу шараларын қажет етуі;
3. Зардап шегушінің эвакуацияны қажет етуі.

**Сұрыптау мақсаты:** зардап шегушінің максимальды санына, оңтайлы көлемде, дер кезінде көмек көрсетуді қамтамасыз ету және олардың жаппай түсу кезінде рациональды эвакуациялау.

Зардап шеккен балалар мен жүкті әйелдердің жағдайлары, көрінбейтін зардап залалы әрқашан ауыр деп бағаланады, көмек көрсету және эвакуациялау бірінші кезекте жүзеге асырылады.

#### **Медициналық сұрыптауды ұйымдастыру және жүргізу**

- сұрыптаудың қосалқы органдарын ұйымдастыру: бөлу орны, сұрыптау алаңы және т.б. ;





- зардап шегушілерді орналастыратын, сыйымдылығы жеткілікті үй-жаймен, қасында дұрыс кіріп, шығатын жолдарымен (пироговтік қатарлар) дербес қызмет ету бөлімшелерін бөлу;

- келіп түскен зардап шегушілерді орналастыруды және олардың ары қарай қозғалыс жасауын реттеу үшін медициналық медбике-диспетчерларды бөлу;

- сұрыптау бригадаларын құру және оларды диагностика құралдарымен, мед. жабдықтармен толықтыру және сұрыптау нәтижелерін белгілеу (түрлі-түсті сұрыптау маркалары (1-сурет), бірінші медициналық карточкалар бөлек-бөлек сигнальдық жолақтармен).

Ең ерте кезеңде орталық сұрыптау аймағы анықталуы керек (зардап шегушілеріді жинау пункті), апат аймағына мүмкіндігінше жақын орналасқан, бірақ төтенше жағдайлардың қауіпті зақымдау факторларынан бос.

Зардап шегушілеріді жинау пунктін медициналық персоналдарды қорғау мәселесін ескере отырып, зақымдау ошағы шекарасына ашқан дұрыс, адекватты қолжетімділік және қиылыспайтын, шығуға қолайлы жолы бар.

Ірі масштабты апаттарда сұрыптаулардың бірнеше пункттері талап етіледі, сонымен қатар координатордың сауатты әрекет етуі өте қажет.

### ***Медициналық эвакуациялау кезеңдерінде сұрыптаудың негізгі екі түрі бар:***

#### ***1. Пункт ішіндегі***

Қоршаған ортаға қауіп төндіру дәрежесіне, зақымдану сипатына және ауырлығына байланысты, зардап шегушілер топтарға бөлінеді, медициналық көмек көрсету қажеттігін және кезектілігін белгілеу үшін, сондай-ақ қызметтік бөлімшелерін немесе ол тұруы тиісті емдеу мекемелерін анықтау.

#### ***2. Эвакуациялық-көліктік***

Зардап шегушіні эвакуациялау кезектігі, көліктің түрі, эвакуациялау құралдарына орналастыру бойынша біртекті топтарға бөлу және эвакуацияның тағайындалған пунктін анықтау.

Сұрыптау-эвакуациялық пунктте зардап шегушілерді топтарға бөледі: жүретіндер және зембілшемен тасымалданатындар деп, түсті

биркаларды беру және аздаған медициналық құжаттарды толтыру арқылы оларды топтарға бөлу.

Сұрыпталатын бригадалар тиісті аспаптармен, дозиметрлермен, аппараттармен, сұрыптау нәтижелерін белгілеу құралдарымен, яғни қажетті минимумдермен қамтамасыз етілуі тиіс.


Медициналық персонал ең алдымен таңдау сұрыптамасын жүргізуі тиіс және айналасындағыларға қауіп төндіретіндерді анықтаулары қажет. Содан кейін зардап шеккендерге арналған көрнекі шолу арқылы, медициналық көмекке мұқтаж адамдарға, көмек көрсету көбіне шұғыл және өмірлік маңызды болып табылады: олар сыртқы артериальдық қан кетуі, асфиксия, есеңгіреу, аяқ-қолдың тартылуы, босанатын әйелдер, балалар және т.б. Бұл пациенттер профильді бөлімдерге жіберілуге жатады. Қалған лектерді жүретіндер және зембілмен тасымалданатындар деп бөледі, қабылдау-сұрыптау бөлімдерінің тиісті мекемелеріне жіберіледі.

## СҰРЫПТАЛАТЫН ТОПТАР

Зардап шегушілерді төрт топқа бөлу туралы Н.И. Пироговтың келесі ұсыныстары баршаға белгілі (2-сурет):

**I. «Жанталасушы»** - травматикалық жарақаттардан және (немесе) уланудан, өмірмен үйлесімді емес жан тапсырғалы жатқан зардап шегушінің жағдайы. Халық арасында жаппай шығынға ұшыраудың бір мезгілде пайда болуы, немесе медициналық күштер мен құралдар тапшы болғанда уақыттың тым қысқалығынан, барлық зардап шегушілерге көмек көрсету мүмкін емес. Н. И. Пирогов: *«Бұл жерде ең алдымен өте нашар, үмітсіз жағдайлар бөлінеді, сол сәтте жаралы және жазылу үміті бар адамға ауысады, оған барлық назар аударылады».*

Жарақаттанудың ең ауыр дәрежесі, тұлғалардың сондай ауыр зақымдануы-



мен, ірі апаттар кезінде байқалады, тіпті олардың тірі қалу нышаны байқалмайды. Бұл Гиппократ өзінің еңбектерінде жазған категория: *«Аурудан жеңіліске ұшыраған адамдар үшін медицина қолын созбайды»*.

**II. «Кезек күттірмейтін көмек»**, кешіктіруге болмайтын өте шұғыл жағдайларда, дереу көмек көрсетіледі. Өміріне қауіп-қатер төніп тұрған, ең қатты зардап шеккендерде байқалады. Апат орнында медициналық көмек, зардап шегушілерге тірі қалу үшін жағдай жасау үшін қолданылады.

**III. «Шұғыл көмек»** көмек шектелген уақыттан кешігіп қалған жағдайда, бірақ ол өлімге алып келмейді. Бұл қатты жарақат алушыларға қатысты, соларға тән сипат, бірақ алдындағы категорияға қарағанда аз дәрежеде. Өміріне тікелей төніп тұрған қауіп жоқ, көмек жағдайын бірқалыпты ету:

- эвакуацияға дайындау,
- жағдайының нашарлап кетуін болдырмау,
- тасымалдауды жеңілдету.

**IV. «Асығыс емес көмек»** басқа санаттардағы зардап шегушілерге көрсетіліп жатқандықтан, көмектің кешіктірілуі мүмкін.

Сөйтіп, сұрыптау апаттық медицинаның негізгі қағидаларының бірін көрсетеді. Төтенше жағдайларда медициналық көмекті талап ету мен оны көрсету мүмкіндігі арасында сәйкессіздік үнемі орын алып отырады. МС зардап шегушіге медициналық көмек көрсету үшін заманауи қол жеткізу құралдарының бірі болып табылады.

Сұрыптау алаңы. Зардап шегушілер сұрыптау топтары бойынша



Сұрыптау алаңындағы зардап шегушілер. Өмірлік көрсеткіші бойынша көмек көрсетілді. Сұрыптау карточкасы сол қолында. (1-ші сұрыптау тобы).



**БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Оқыту және медициналық сұрыптау әдістерін кім бірінші рет теорияда негіздеді және оларды практикада қолданды?
2. Негізгі сұрыптау белгілерін атап шығыңыз?
3. Қандай сұрыптау топтары бар?
4. «Жанталасушы» тобына кім жатады?
5. «Шұғыл көмек» тобына кім жатады?

**8-тақырып. КҮЙІК АЛУ КЕЗІНДЕГІ ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ  
АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ  
КӨМЕК КӨРСЕТУ**

**Күйік** — бұл тері жарақаты немесе басқа органикалық ұлпаларға жоғарғы температура, сондай-ақ радиоактивті, күшті қышқылдар мен сілтілер, электр тогы мен иондаушы сәулелердің, химиялық заттар байланысының әсер етуінен орын алады.

Күйіктер келесідей түрлерге бөлінеді: термиялық, электр, химиялық, сәуле күйіктері.

Ұлпаны зақымдау тереңдігіне байланысты термиялық күйіктің төрт дәрежесі бар:

*I-дәрежелі* - гиперемия (қанға толған) және күйік ісігі;

*III(A) - дәрежелі* — терінің зақымдануы, қолайлы жағдай болған кезде тері өз бетімен жазылуы мүмкін — терінің зақымданған бөліктерінде жаңа тері жетіліп шығады;

*III(B) - дәрежелі* - тері қарайып (қара) немесе бозарып (сары-қоңыр), ұлпалар өліп қалады (некроз).

*IV- дәрежелі* — теріден басқа жасушалар да, бұлшық ет, сүйектер де зақымданады.

I, II және IIIA- дәрежелі күйіктер үстіңгі күйіктерге жатады, IIIB- және IV дәрежелі күйіктер — терең күйіктерге жатады. Зақымданушылардың көбінде, әдетте, көптеген зардап шегушілерде үйлесімділігі байқалады.



Терінің өңінің өзгеруі терең күйіктерге тән нәрсе (өлі-бозғылт түс, шала күйдіру) және тері асты тамырларының айқын көрінісі пайда болған тіндердің тығыздығы. Ауыр күйік кезінде ауырсыну және тактильді сезімталдық жоғалады.

### **Симптомдары**

Адам денесінің үстіңгі жақтағы ыстықтармен және ыстық заттарға тиюі, сондай-ақ кейбір ыстықтың химиялық заттармен, ыстық бумен, қайнап тұрған сұйықтықпен және электр тоғымен байланысы.

### **Асқынуы**

1. Есеңгіреу (бозару, тыныс алудың жиілеуі, суық тер, ұйқы басу, тамырдың жиі соғуы, естен тану), сұйықтықты жоғалтуға байланысты.
2. Бактериальды инфекция.
3. Электр тоғы әсерінен дененің ішкі жағының зақымдануы.
4. Өлімге апару.

### **Негізгі фактілері:**

- Бағалау бойынша, жыл сайын өрттен күйген 180 000 адам қайтыс болады, олардың басым көпшілігі табысы аз және орташа табысы бар елдерде орын алады.

- Өлімге апармайтын күйіктен жарақат алу аурудың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Күйік көбінесе үйде немесе жұмыс орнында орын алады.

- Күйіктер мейлінше жаман.

### **Күйік кезіндегі алғашқы көмек**

1. Зақымдаушы факторлардың әрекетін тоқтату. Шағын I және II дәрежелі күйіктер кезінде келесілерді істеуге болады. Зақымданған бөліктерді суқұбырынан аққан судың астына ұстап 5-10 минут жуады, ол терінің және ұлпалардың зақымдану процесін тоқтатуға көмектеседі. (1-сурет)

2. Барлық күйген жерді құрғақ матамен жабу керек, тітіркену мен ауруды жеңілдету үшін рецептсіз құралдарды пайдалануға болады. (2-сурет)

3. Күйік кезінде өртенген киімді өшіру керек, зардап шегушіні жоғары температура аймағынан алып шығу қажет; ыстық сұйықтардан, балқыған ме-



таллдардан өртену кезінде – күйік айналасындағы киімді тез құрту керек. (3 -сурет)

4. Егер күйіктің ауданы дененің жоғарғы жағының 15%-ын құрайтын болса, зардап шегушіге сода және 1/2 шай қасық ас содасы салынған 0,5 литрден артық су немесе бір литр суға бір шай қасық ас тұзын салып беру керек.

5. Күйіктің үстіне асептикалық таңғыш салған дұрыс, зардап шегушіні емдеу мекемесіне тез арада жеткізу керек.

6. Адамның ауыр күйіктен мүгедек болып қалуына немесе қаза



болуына жол бермеу үшін, оған көрсетілетін мамандандырылған көмек зақымдаудың ауырлығына байланысты болуы тиіс. Мұндай көмек үш деңгейге бөлінеді – мамандандырылмаған емдеу мекемелерінде, күйік бөлімдерінде және күйік орталықтарында.

7. Мамандандырылмаған емдеу мекемелері орташа ауырлықта күйген адамдарды қарастырады. Оны күйіктерді емдеуге арналған арнайы жабдықтармен қамтылмаған, алайда штатта осы мәселемен айналысатын бір немесе бірнеше тәжірибелі дәрігерлер бар мекемелерде емдейді.

8. Күйік ауыр болатын болса, арнайы жабдықтармен жабдықталған күйік бөлімдері мен орталықтарында арнайы мамандандырылған көмек керек. (4- сурет).

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Күйік дегеніміз не?
2. Күйіктердің қандай түрлері бар?
3. Алған күйіктен қандай асқынулар болуы мүмкін?
4. Күйіктің зақымданған бөлігін шүмектеп аққан сумен жууға бола ма?
5. Күйік кезінде мамандандырылған көмекке бару керек пе?



## 9-тақырып. ҮСІНУ (ҮСІК ШАЛУ) КЕЗІНДЕГІ ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

**Үсіну** – бұл эритемалды сипаттағы жарақат, ол әсіресе қысқы кезде қолдар мен аяқтарда пайда болатын, қызыл және үсінген күлдіреуікке ұқсас. Оның ең негізгі себептерінің бірі және сонымен қатар симптомдары – ісіну, қызару, қышу және сипаған кезде ауырсыну. Үсік шалу тері аурулары сабақтастығына жатады.



Үсік шалу көбінесе дененің аяқ-қол сияқты мүшелерін зақымдайды, алайда, басқа да перифериялық аймақтарда да жиі кездеседі, атап айтқанда, аязға барынша төзімсіз мұрын, құлақ, тізе және өкше. Үсік шалумен негізінен жастардың өкілдері (кейде кішкентай бала) және ересектер, көбірек зақымданады, соның ішінде әйелдер басым, жас келген сайын үсіну сирей бастайды.

### Үсіну күлдіреуіктері қалай түзіледі

Үсінудің қалыптасуы *микроциркуляцияның бұзылуымен* байланысты, ол қан тамырларының тарылуы салдарынан болады және *дененің перифериялық бөлімшелеріне* қанның баруын азайтады, бұл осы ағзалардың *қабынуына* және зақымданудың туындауына әкеп соғады.

### Жалпы үсіну дәрежелері

Жалпы үсінуді сипаттау үш дәрежеге бөлінеді:

1. Ауыры, адам денсаулығына ең қауіптісі – адамның температурасы 31 градусқа дейін және тіпті одан да төмен төмендейді, ал тамыр соғуы минутына 36 соғуға дейін жетеді, артериальды қысым апаттық деңгейде азаяды, ұлпалар кері қайтарымсыз өзгерістерге ұшырайды, ми зақымданады, сіңірдің тартылып, құрысуы өрістейді, адам құсады;

2. Орташасы – температура 32 градусқа дейін жетеді, тамыр соғуы минутына 50-60 соғады, гипотония онша үлкен емес, үсіну 1-4 дәрежеде;

3. Жеңілі – температура әлі нормада, тамыр соғуы 60-66, қысым нормада болуы мүмкін немесе жоғары, үсіну 1-2 дәрежелі.



### Үсінуді тереңдігіне қарай топтастыру

Үсінуді дененің зақымданған бөліктері мен үсіктің ауырлығына байланысты төртке бөлуге болады:

**1-кезең:** бұл кезеңде үсік шалу тек қана эпидермис қабатымен шектеледі, демек, суық қайта қалпына келтіруге ешқандай зиян келтірмейді. Дененің терісі қызарады, әлсін-әлсін дызылдап шағу мен мұздау байқалады.



**2-кезең:** бұл кезеңде үсіну біркелкі сипатқа ие және бұрынғысынша терінің үстіңгі жақ қабатын қамтиды. Тері бозғылт тартады және мұз кристалдары түзілуі мүмкін, ұлпалардың некрозы басталады (ұлпалар өле бастайды) және көпіршіктер мен күлдіреуіктер пайда болады. Егер бұл кезеңде уақытылы көмек көрсетілетін болса, онда үсіну ешқандай тұрақты салдар қалдырмайды.



**3-кезең:** мұндай жағдайда үсік шалу ауыр сипатқа ие болады және эпидермистің барлық қабатын қамтиды. Ойық жаралар пайда бола бастайды, қою-көк немесе қара түсті, ол некроз аймағын көрсетеді, яғни ұлпалардың өлгендігін, жансыздандырып сезеді, тіпті бұлшық еттер мен буындардың өзі жансызданады. Мұндай үсіну ауыр, қайтып орнына келмейтін зақымдануға алып келуі ықтимал.



**4-кезең:** ең ауыр кезеңі, үсінуден келген зияндың орны қайтып толмайды, жарақат бұлшық ет, буындар мен сіңірлер деңгейіне дейін келеді, бұлшық еттің барлық шелді қабығы және барлық жүйке жүйелері бұзылады. Үсік шалған аймақта гангрена етек алады.



### Алғашқы көмек:

1) Үсініп қалған адамды мүмкіндігінше тездетіп жылыту керек, жылы үйге кіргізу қажет (дүкен, метро, автомобиль және т.б.). Ең дұрысы үйге қайтып оралу. (1 -сурет)

2) Жылы жерге келгеннен кейін, үсінген адамнан суықтанған киімдерін және аяқ киімдерін (бәтіңкелерді, шұлықтарды, қолғаптарды



шешу керек), оны жылы көрпеге орау керек немесе киімдерін ауыстырып, құрғақ, жылы киімдер кигізген дұрыс, дененің үсінген жерлерін



жылы қолмен, өзіңнің деміңмен жылыту қажет. Жылыту баяу жүргізілуі тиіс, яғни ешқандай күш салмай (қолмен, жылы маталармен, құрамында спирті бар ерітінділермен сүрту қажет). (2,3 -сурет)



Сүрту, тамырларда ұйыған қандардың сұйылуына мүмкіндік береді. Адам кішкене қалпына келіп сергігенге дейін жылытуды жалғастыру керек. Үсінген жердің орнында қабықтанған, түлеген дақтар қалуы мүмкін, ол жерге ылғалдандыратын крем жаққан дұрыс (балалар кремі, күтімге арн. пантенол, БЕПАНТЕН мазы).

3) Өте ауыр үсінген аяқтың басын жылы суға салу керек, оның температурасын 20-30 минуттің ішінде біртіндеп 18°C-тан 37- 40°C-қа дейін көтеру қажет. (4,5-сурет)

4) Содан кейін аяқтың басын құрғағанша сүртеді, құрамында спирті бар ерітіндімен немесе арақпен өңдейді және содан кейін жылытатын таза таңғыш салады (2 қабат стерильді дәкінің арасына 2 қабат стерильді мақта салады). Егер жылынғаннан кейін зардап шегушінің де-



несінде күлдіреуіктер пайда болса – онда денені сипалап, сылауға болмайды. (6-сурет)

5) Зардап шегушіге барынша тезірек жылы сусын ішкізу керек (ыстық шай және т.б.). (7- сурет)

6) Міндетті түрде медицина мекемесіне хабарласу керек немесе дәрігерді үйге шақыру қажет. (8 -сурет)

### **Беттің үсінуінің алдын алу**

Үйден шығар алдында жуынуға, құрамында спирті бар ерітіндіні пайдалануға болмайды. Қорғайтын кремді сыртқа шығардан кем дегенде 15 минут бұрын немесе жарты сағат бұрын жаққан дұрыс.

Желді күндері бетті қымтап ораған дұрыс: желді күні аз уақыттың өзінде бетті суыққа қарытып алуға болады.

Темекі тарту тамырларды кептіріп, тарылтады, ал алкоголь иллюзия тудырады, адамға жылы сияқты болып көрінеді, сөйтіп ол мұрыны, беті немесе басқа жері ештеңені сезбей қалғанын түсінбейді.

Егер ондай мүмкіндік бар болса – жоқ дегенде жарты сағатта бір жылынып тұрған дұрыс. Бұл тек қана үсінуден құтқармайды, тұмаудан да емдейді, өйткені тұмаудың – жұқпалы инфекциясының, қатты тонудың нәтижелері организмді әлсіретеді, ал адамның қорғануы үшін күш керек.

### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:**

1. Үсік шалудың қанша дәрежесі бар? Оларды сипаттаңыз.
2. Үсінудің қандай кезеңінде ойық жара пайда болып, үсінген жер қою – көк немесе қара түске айналады?

3. Үсінудің факторларын атап шығыңыз?
4. Қатты үсінген кезде теріні сұртуге қымбат кремді пайдалануға бола ма?
5. Тар киімдер үсінудің бір себебі бола ала ма?

## 10-тақырып. ЖҮРЕК-ӨКПЕ РЕАНИМАЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

### Клиникалық және биологиялық өлім

Аталған тақырыпта Реанимация бойынша Еуропалық кеңестің (РЕС) Реанимациялық шараларды өткізу жөніндегі ұсыныстарының негізгі шаралары пайдаланылған. РЕС ұсыныстарында Алғашқы көмек туралы және реанимациялық емдеу орындары жөнінде ұсынымдар бірінші рет ұсынылып отыр.

**Клиникалық өлім** – бұл организмнің қан айналымы кенеттен тоқтаған сәттен бастап, оның қалпына келгеніне дейін немесе биологиялық ажал жеткенге дейінгі шекаралық жағдай (егер ол жасалған болса, ЖӨР-дің тоқтауы). Клиникалық өлімнің ұзақтығы уақытпен анықталады, бас миының жоғарғы бөлімі (қыртыс асты және әсіресе қыртыс) осы уақыт ішінде гипоксии (отегінің жетіспеуі) жағдайында тіршілікті сақтауға қабілеті жетсе.

**Биологиялық өлім** (немесе шынайы өлім) ұлпалар мен жасушалардағы физиологиялық процестердің қайтымсыз тоқтатылғанын білдіреді.

#### **Биологиялық өлімнің ерте белгілеріне жататындар:**

- тітіркендіргенде (қысым жасағанда) көз реакциясының жоқтығы;
- мөлдір қабықтың лайлануы, кебу үш-бұрышының түзілуі (Лярше дағы).
- «Мысық көзі» симптомының пайда болуы: көз алмасын бүйір жақтан қысқан кезде



қарашық мүлде өзгеріп тік ұршық тәрізді саңлау пайда болады, бейне мысықтың қарашығы сияқты.

Жүрек-өкпе реанимациясы (ЖӨР) – кенеттен ойламаған жерден айрылған қан айналымын қалпына келтіруге бағытталған тыныс алдыру, адекватты органның қан айналымы және метаболизмі емдеу әрекеттерінің кешені.

ЖӨР жасалған кезде:

1. Естен танады және дем алуын жоғалтады
2. Негізгі артерияның пульсі жоқ. (1 -сурет).
3. Қарашық жарықты сезбейді. (2 -сурет).

ЖӨР жасау үшін адам қатты жерге жатуы тиіс (еденге, жерге, асфальтқа), аяқтары мен қолдары ешқайда салбырамауы тиіс. Егер қолда бары жіңішке ғана кеңістік болса (мысалы, қатарлардың аралығындағы жол), онда ЖӨР жасау үшін адамның үстіне отыруға болады, ал басқа жағдайларда бүйір жағынан келіп, тізерлеп отырады). Қай жағынан келіп отырса да – айырмасы жоқ. Жүрек-өкпе реанимациясын жасардан бұрын, адам шынымен есінен танған ба және шын мәнінде дем алмай ма, көз жеткізіңіз.



### *Алгоритм мынадай:*

1. Орынды қараймыз. Айналадағы жағдайды бағалаймыз. Өзіңізге де, зардап шегушіге де қауіп төніп тұрмағанына көз жеткіземіз.

2. Зардап шегушіге: «Сіз жайсыз сезініп жатырсыз ба? Көмек керек пе?» деп дауыстайсыз.

3. Егер жауап бермесе, жақынырақ барып қайталап: «Сіз жайсыз сезініп жатырсыз ба? Көмек керек пе?» деп сұрайсыз.

4. Егер адам «жоқ» деп жауап берсе – ол Сізге көмек көрсетуге рұқсат етпейді. Мұндай жағдайда Сіздің қолыңыздан келетіні – жедел жәрдемді немесе құтқарушыны шақып




ру және қадағалап тұрасыз – кейде бәрі тез өзгереді, адамның өзі-ақ көмек сұрауы мүмкін немесе енді бұл ретте Сіздің көмегіңізден бас тартпайтын болады.

5. Егер жауап бермесе, зардап шегушіге жақындап бар да, оның бетінің үстіне қысқа-қысқа қатты шапалақ соғып қал, реакциясын білу үшін. (3 -сурет).

6. Егер реакциясы жоқ болса, қасына жақындап отыр (әзірге бір тізерлеп – қауіп төнген жағдайда атып тұрып кету үшін) және иығынан сілкіле. (4 -сурет).

7. Егер реакциясы жоқ болса, онда топтан екі адамды шақыр, сізге ең қолайлы болып көрінетін және/немесе күшті (кім көмектесуге дайын деп сұрама, тек қана шақыр: «Сіз және Сіз (қолыңызбен көрсетіп, бері келіңіз, сіз маған көмектесетін боласыз!»)-де).

8. Үш «П» ережесі бойынша тыныс алуының бар-жоғын тексересіз (топтан шақырып алғандар әзірше қасыңызда жай тұрады): қарау-сезіну-тыңдау. Бұл былайша жасалады: бір қолды зардап шегушінің маңдайына қоясыз, Сіздің екінші қолыңыздың 2 саусағын иектің астына қоясыз. Енді екі қолыңызбен бірдей зардап шегушінің басын артқа шалқайтасыз (мойын түзетіледі, астыңғы жақсүйек сәл алдыға жылжиды, сөйтіп тыныс алу жолы ашылады). Зардап шегушіге қарай еңкейіңіз, көзіңізбен оның кеуде жасушасына қарайсыз, құлағыңызды тақап



мүмкін болатын тынысты тыңдауға тырысасыз, бетіңізбен дем алысын сезінуге ұмтыласыз (қараңыз-сезініңіз-тыңдаңыз). Осы жағдайда оңға дейін дауыстап санаңыз (жылдам емес, секундомер сияқты санаңыз). (5,6,7- сурет).

9. Егер дем алысы жоқ болса, алдында топтан шақырып алғандарға өтініш жасаңыз: «Сіз жедел жәрдем шақырыңыз – орта жастағы адам

ессіз жатыр, дем алмайды – содан кейін маған келіңіз. Сіз (екінші адамға) менің қасымда тұрыңыз – маған көмектесетін боласыз».

10. Жүрек-өкпе реанимациясын жүзеге асыруға кірісіңіз.

### ***Жүрек-өкпе реанимациясының (ЖӨР) кезеңдері қарапайым***

Реанимация барынша тез, жылдам өткізілуі тиіс, ми қайталанбастай болып өліп қалмау үшін (3-5 мин).

ЖӨР қосалқы құралдарды пайдаланса да немесе оларсыз да, госпитальдық кезеңде алғашқы реанимациялық ABC кешені деп аталады және негізгі үш қабылдаудан тұрады, бұлар бүкіл әлемде стандарт ретінде қабылданған:

A – *тыныс алу жолдарының ауа өтуін қамтамасыз ету;*

B – *жасанды тыныс алдыру;*

C – *қан айналымын қалпына келтіру.*

### ***Алғашқы жүрек-өкпе реанимациясының алгоритмі құрамында келесідей құрамдастар бар:***

1. тыныс алу жолдарының ауа өтуін қалпына келтіру, оған басты шалқайту, төменгі жақ сүйекті алдыға жылжыту, ауыз қуысынан барлық бөтен заттарды алу арқылы қол жеткізіледі;

2. жасанды тыныс алдыру, реаниматологтың аузына толтырған ауаны зардап шегушінің өкпесіне үрлеу арқылы қол жеткізіледі. Үрлеу сонымен қатар өте баяу жүргізіледі. Өз бетімен дербес тыныс алуды қалпына келтіру, қалған барлық қызметті қалпына келтіреді. Бұл сонымен байланысты, тыныс алу орталығы ми үшін ритм жүргізушісі болып табылады.

3. Жүрекке сырттай (жабық) сылау жасаудың көмегімен қан айналымын қалпына келтіру.

Жасанды тыныс алдырудың барынша тиімді әдістері ауыздан ауызға және ауыздан мұрынға үрлеу. Көмек көрсетуші уақытша «респиратор» бола отырып, өз өкпесіндегі ауаны аурудың өкпесіне үрлеп жібереді. Әрине, 21% оттегі бар,



біз жұтып жүрген сол таза ауа емес. Алайда, реаниматологтардың зерттеулері көрсеткендей, дені сау адамдар шығаратын ауа құрамында, әлі де болса 16-17% оттегі бар, бұл толық қанды жасанды тыныс алдыруға жеткілікті, оның үстіне экстремальды жағдайларда. «Өзіңнен шығаратын ауаны» аурудың өкпесіне үрлеу үшін, көмек көрсетуші өзінің ернін зардап шегушінің бетіне тигізуге мәжбүр болады.

### *Ауыздан ауызға жасалатын жасанды тыныс алдыру*

Көмек көрсетуші адам, зардап шегушінің бас жағынан қырымен тұрады. Егер ауру еденде жататын болса, онда тізерлеуге тура келеді. Зардап шегушінің ауыз қуысын құсық пен сілекейден тазалайды (жоғарыдағы 1-суретте көрсетілгендей). Бұл келесідей тәсілмен жасалады: аурудың басын бір жақ қырына қарай бұрады және гигиеналық мақсатта дәкі (қол орамал), оралған екі саусағымен ауыз қуысын айналдыра қозғай отырып тазартады.

Егер зардап шегушінің жақ сүйегі қарысып қалса,



құтқарушы оны қозғалтады, төменгі жақ сүйекті алдыға қарай жылжытады (а), содан кейін оны төмен қарай итере отырып, саусақтарды иек астына ауыстырады, ауызды ашады; маңдайға қойылған екінші қолмен, басты кейін қарай шалқайтады (б).

Содан кейін бір қолын зардап шегушінің маңдайына қойып, ал екіншісін желкесіне қояды — мойынды түзетеді, аурудың басын (яғни артқа қарай шалқайтады), сонымен қатар, ереже бойынша, ауызды ашады (а). Құтқарушы терең дем алып, оны аздап ішінде ұстайды, зардап шегушіге еңкейе отырып, өзінің ернімен оның аузын саңылаусыз толықтай жабады, науқастың ауыз қуысының үстіне бейне бір ауа өтпейтін күмбез жасағандай (б). Сонымен қатар аурудың мұрынын қолдың бас бармағымен және сұқ саусағымен қысып ұстайды (а), оның маңдайында жатып немесе оның бетін жауып тұрып, оны аудару әлдеқайда қиын. Саңлау-



дың болуы - жасанды тыныс алдыруда жиі кездесетін қателік. Сонымен қатар мұрын арқылы немесе аурудың езуі арқылы ауаның шығуы құтқарушының барлық күшін кетіріп, әлсіретеді, бүкіл еңбегін жоққа шығарады.

Герметизациялағаннан кейін жасанды тыныс алдыруды жасаушы аурудың жүрегі мен өкпесіне жылдамдата отырып ауа жіберіп, үрлейді. Үрлеп ауа жіберу 1 секунд шамасында болуы мүмкін, тыныс алу орталығын жеткілікті ынталандыруды қамтамасыз ету үшін, көлемі бойынша 1—1,5 л, ауа жіберіледі. Сонымен қатар жасанды тыныс алдыру кезінде зардап шегушінің кеуде қуысы жақсы көтеріле ме, соны бақылап отыру керек. Егер мұндай тыныс алдыру қозғалысының амплитудасы жеткіліксіз болса, яғни, үрленетін ауаның көлемі аз болғаны немесе тілі артқа кеткені.

Ауаны үрлеп жіберіп болғаннан кейін құтқарушы, басын көтеріп, зардап шегушінің аузын босатады, бірақ қандай жағдай болса да аурудың басын бастапқы шалқайған қалыпта ұстайды, яғни тіл артқа кетіп қалуы мүмкін де, ауа толық қанды үрленбейді. Аурудың ауа шығаруы 2 секундқа созылуы тиіс, қандай жағдай болса да, ол ауа жұтудан екі есе ұзақ болуы тиіс. Келесі ауаны үрлеп жіберер алдында құтқарушы 1-2 рет әдеттегідей демін ішке тартып - қайта шығаруы тиіс, бұл «өзі үшін». Цикл алдымен минутына 10-12 рет қайталанады. Ауаның көп мөлшері өкпеге емес, асқазанға түсіп, ол кебетін болса, ауруды құтқарып қалу қиынға соғады. Сондықтан мезгіл-мезгіл оның асқазанын желден босатып отыру керек, ол үшін эпигастральды (асқазан маңынан) басып отырады.

### *Ауыздан мұрынға жасалатын жасанды дем алдыру*

Ауыздан мұрынға жасалатын жасанды дем алдыру, егер аурудың тісі босаған болса немесе не ернінде, не болмаса жақ сүйегінде жарақат болғанда немесе жақ сүйегі қарысып қалғанда жасалады. Құтқарушы бір қолын зардап шегушінің маңдайына қойып, ал екіншісін - оның иегінің астына қояды, басын артқа шалқайтады және сонымен бір мезгілде оның астыңғы жақ






сүйегін үстіңгісіне қысады (11-сурет). Иектің астын ұстап тұрған қолының саусақтарымен, ол астыңғы ерінді қысуы тиіс, сөйтіп ол зардап шегушінің аузын бекітеді. Терең тыныс алғаннан кейін ол ернімен зардап шегушінің мұрнын жабады, сол арқылы ол мұрынға ауа өткізбейтін күмбез жасайды.

Содан кейін құтқарушы ауаны аурудың мұрны арқылы жібереді (1-1,5 л), және де кеуде қуысының қимыл қозғалысын қадағалап отырады. Ауамен жасанды дем алдыру аяқталғаннан кейін, аурудың тек қана мұрнын емес, аузын да босату керек, жұмсақ таңдай ауаның мұрын арқылы шығуына кедергі жасауы мүмкін, сол кезде жабық ауыздан ауа мүлде шықпай қалады! Мұндай жағдайда шалқайған (яғни артқа қарай шалқайтқан) басты көтеру керек, әйтпесе артқа кеткен тіл ауаның шығуына кедергі жасайды. Ауаның шығу ұзақтығы -2 секунд шамасында. Үзіліс кезінде құтқарушы 1-2 рет әдеттегідей демін ішке тартып - қайта шығаруы тиіс, бұл «өзі үшін». Жасанды дем алдыруды 3-4 секундтан артыққа үзбей, өз бетімен толық қанды дем алғанға дейін немесе жедел жәрдем дәрігері келгенге дейін жасауы керек, өйткені ол басқаша бұйрық бермейді. Жасанды дем алдырудың тиімділігін үзіліссіз (кеуде қуысына ауаны жақсылап үрлеу, іштің кеппеуі, біртіндеп бет терісіне қан жүруін) тексеріп отыру керек. Ауыз қуысына және мұрынға құсық және сілекейдің жиналып қалмауын үнемі қарап отыру керек, ал егер бұл орын алатын болса, кезекті ауа үрлеудің алдында дәкімен немесе матамен оралған саусақпен зардап шегушінің тыныс жолдарын тазартып тастап отыру керек (12-сурет). Үрлеп ауа жіберіп отырған кезде өзінің организмде көміртек қышқылы жетіспегендіктен, құтқарушының өзінің басы айналуы мүмкін.

Сондықтан да, ауаны үрлеуді екі құтқарушы 2-3 минуттан ауысып отырып жасағаны дұрыс болады. Егер оған мүмкіндік болмаса, онда әрбір 2-3 минут сайын ауа жіберуді 4-5 минутқа тоқтатуы қажет, осы



уақыт ішінде жасанды жолмен тыныс алдырып жатқан құтқарушының, қанындағы және миындағы көмір қышқыл газының деңгейін көтеру керек.

Зардап шегушіге жасанды тыныс алдыруды жүргізе отырып, әрбір минут сайын оның жүрегі тоқтап қалған жоқ па, соны тексеріп отыру керек. Бұл үшін мезгіл-мезгіл екі саусақпен мойындағы тамыр соғысын тексеру керек. Ол үшін тыныс алу тамағы (көмекейді кей кездері жұтқыншақ деп атайды) және ишара жасау бұлшық етінің (төс сүйек-бұғана-еміздіктік) ортасында орналасқан үш бұрыштан тексереді. Құтқарушы көмей шеміршегінің бір жақ бұрышына екі саусағын қояды, содан кейін «сырғып отырып» шеміршек ортасы мен ишара жасау бұлшық етінің арасын табады. Нақ осы үшбұрыштың түбінде ұйқы артериясы соғып тұруы тиіс.



Егер ұйқы артериясы соғып тұрмаса - оны жасанды тыныс алдырумен үйлестіре отырып, шұғыл арада жүрекке жанама массаж жасау керек.

Егер жүректің тоқтаған кезін ескермей жіберіп алса және жүрекке массаж жасамай, зардап шегушіні тек қана 1-2 мин тыныс алдырса, онда зардап шегушіні құтқарып қалу мүмкін емес.

### ***Жүрекке жанама массаж жасау***

Жүрекке жанама массаж жасау, ол тоқтағаннан кейін, жүрекке механикалық әсер ету, оның қызметін қалпына келтіру мақсатында және жүректің жұмысы қалпына келгенге дейін қанның үзіліссіз ағып тұруын демеу үшін жасалады. Жүректің кенеттен тоқтап қалу белгілері — бірден бозару, естен тану, ұйқы артерияларындағы пульстің жоғалуы, дем алудың тоқтауы немесе сирек кездесетін селкілдек, тырыспа, қарашықтың үлкеюі.

Жүректі жанама сылау кеуде жасушасының алдыңғы қалқасы мен омыртқа арасындағы жүректі ырғақты қысу арқылы жүргізіледі. Жүректің қысылатыны сонша, ондағы қан тамырларға тарайды. Қысуды доғарғаннан кейін жүрек жазылып, оған көктамырлық қан түседі.

Жүрекке жанама сылау жасау әр адамның қолынан келуі тиіс. Жүрек

тоқтап қалған кезде оны кешіктірмей жасау керек. Жүрек тоқтай салысымен жасалса, өте тиімді болады. Жүректің жанама сылауын жүргізу үшін зардап шегушіні қатты, тегіс жерге жатқызады: жер, еден, тақтай (жүректің жанама сылауын жұмсақ жерде, мысалы, төсекте жасауға болмайды). Құтқарушы зардап шегушінің сол жағынан немесе оң жағынан тұрады, қолдарын кеуде қуысының төменгі жағында тұратындай етіп кеудесіне қояды. Күш қатты болуы үшін бір қолының үстіне екінші қолын қояды да, өзіне дене салмағы арқылы көмек бере отырып секундына бір рет қысады. Бұл кезде кеуде қуысы ішке қарай 3-4 см, ал кеуде қуысы кең болса, 5-6 см майысуы керек. Жүрекке көктамырлық қанның түсуін жеңілдету үшін зардап шегушінің аяғын аздап көтереді.



Жүрекке жанама массаж жасау міндетті түрде жасанды тыныс алдырумен қоса жүреді. Бұларды екі адам жасағаны дұрыс. Бұл кезде бір құтқарушы өкпесіне ауа үрлейді де, екіншісі бес рет кеудесінен қысады. Жүректің жанама массажы – адам өмірін сақтап қалуға көмектесетін ең қарапайым тәсіл. Алғашқы дәрігерлік көмек көрсеткенде жасалады. Жүректің жанама массажын жасаған кездегі оң нәтиже адам өздігінен тыныс алғанда және тамыр соғысы пайда болғанда көрінеді. Сонымен қатар, көмек көрсетушінің біреуі ауаны екі рет үрлейді, содан кейін екіншісі кеуде қуысын 30 рет қысады, кеуде қуысын қысу орташа алғанда минутына 100-120 болуы тиіс. Жанама сылау дәрігер келгенге дейін жасалуы керек.

### ***Әрекеттің жүйелілігі:***

1. зардап шегушіні қатты жерге жатқызу керек;
2. шалбарының белдігін ағытып, қысатын киімдерін шешу қажет;
3. ауыз қуысын тазалау;
4. тілдің артқа кетуіне жол бермеу: басты барынша шалқайту, төменгі жақ сүйекті алға итеру;
5. егер реанимацияны бір адам жүргізетін болса, онда өкпені желдету үшін 4 тыныс алу қозғалысын жасайды, содан кейін жасанды тыныс

алдыру мен жүрекке массажды кезек-кезек жасайды, 2 рет ауа жіберу, кеуде қуысын 30 рет басу; егер реанимацияны екі адам жасаса, онда 2 рет ауа жіберу мен 30 рет басуды кезектестіріп жасайды.

### ***Кері әсерлері:***

Реанимациялық шаралар келесідей жағдайларда жасалмайды:

- бас миы зақымдануымен бас сүйек-ми жарақаты кезінде (жарақат өмірмен үйлеспейді)

- кеуде сүйегі сынса (мұндай жағдайларда массаж жасау кезінде, сүйектің сынықтары жүрекке кіріп жарақаттайды); сондықтан, реанимация жүргізер алдында кеудені абайлап ұстап көру керек.

«Донор» әдісімен жүректі жасанды желдету әдісіндегі жалғыз кемшілік – психологиялық бөгеттің болуымен тұжырымдалады – өзінді біреудің ауызы мен мұрыны арқылы дем алдыру адамға ауыр тиеді, кейде жат, тіпті танымайтын адамның, кейде тіпті онда алдын ала құсық басталып кетсе.

Өліп бара жатқан адамның өмірін сақтап қалу үшін, бұл бөгетті кез-келген жағдайда жоғалту керек. Қазіргі әлемде жүрек-өкпе реанимациясын жасаудың жаңа тәсілін қолданады, жоғарыда сипатталғандай, сіз ауызға және мұрынға ауа үрлеп жібергеннен басқаның бәрін жасайсыз, және сонымен қатар қысу жиілігі минутына 150 ретке дейін артады.



### ***Тыныс алу жолдарының ауа өткізу қабілеті бұзылған кездегі алғашқы көмек:***

*Тыныс жолдарының жабылу белгілері.*

Тыныс жолдарының жабылу дәрежесін анықтау үшін зардап шегушіден «Сен тұншығып, қақалдың ба?» деп сұрау керек.

Егер зардап шегуші жауап бермесе, бір қырыңнан және зардап шегушінің артына қарай тұру қажет...

- зардап шегушінің кеуде қуысын бір қолымен ұстай тұрып, екіншісімен оны алға қарай еңкейт, бөгде бір зат тұрып қалған болса, ол тыныс алу



жолдарына төмен түсіп кетпей, зардап шегушінің аузынан шығуы үшін...

- және де жауырынның арасынан қысқа-қысқа етіп 5 рет соғу керек, әр соққыдан кейін бөгде заттың түскен-түспегенін тексеру қажет.

Егер 5 реткі соғудан кейін бөгде зат түспеген болса, асқазанға басудың 5 әрекетін жасау керек

Бұл үшін зардап шегушінің артында тұру керек, содан кейін оны ішінің жоғарғы жартысы деңгейінде артынан екі қолмен бірдей қапсыра құшақтайды:

- зардап шегушіні алға қарай еңкейтіп, жұдырықты түйіп, оны кіндік пен кеуде қуысының арасында орналастырыңыз;

- жұдырықты келесі қолмен басып ұстап, зардап шегушінің ішін кеудеге қарай қатты қысыңыз. Бұл тәсіл қажет болған жағдайда 5 ретке дейін қайталанады.



***Жүкті және семіз адамдардағы тыныс алу жолдарының ауа өтуі зақымданған кезде алғашқы көмек көрсету***

*Тыныс жолдарының тығындалу белгілері.*

Тыныс жолдарының жабылу дәрежесін анықтау үшін зардап шегушіден «Сен тұншығып, қақалдың ба?» деп сұрау керек.

Егер зардап шегуші жауап бермесе, бір қырыңнан және зардап шегушінің артына қарай тұру керек:

- зардап шегушінің кеуде қуысын бір қолымен ұстай тұрып, екіншісімен оны алға қарай еңкейт, басқа бір зат тұрып қалған болса, ол тыныс алу жолдарына төмен түсіп кетпей, зардап шегушінің аузынан шығуы үшін;

- жұдырықты келесі қолмен басып ұстап, зардап шегушінің ішін кеудеге қарай қатты қысыңыз. Бұл тәсіл қажет болған жағдайда 5 ретке дейін қайталанады;

Егер 5 реткі соғудан кейін бөгде зат түспеген болса, асқазанға басудың 5 әрекетін жасау керек.



Бұл үшін зардап шегушінің артында тұру керек, содан кейін оны ішінің жоғарғы жартысы деңгейінде артынан екі қолмен бірдей көрсетілген деңгейде қапсыра құшақтайды.

#### **БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ**

1. Клиникалық өлім дегеніміз не?
2. Жүрек-өкпе реанимациясын қай кезде жасауға болады?
3. Реанимация қай кезге дейін басталуы тиіс?
4. Тыныс алу жолдары бұзылған жағдайда не істеуге болады?
5. Екі қабат әйелдің тыныс алу жолдары бұзылған жағдайда не істеуге болады?

### **11-тақырып. ЕСТЕН ТАҢУ КЕЗІНДЕГІ ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ**

Біздің әрқайсымыз кенеттен есінен танып, талып жығылған адамды көрген болармыз, немесе мұндай жағдай өзіміздің басымыздан өткен болар. Талып құлау қатты эмоциональдық сілкініс кезінде және қан көргенде, емтиханда немесе алғаш сүйіскен кезде толқудан болуы мүмкін. Иә-иә: сүйісу кезінде. Бұл себеп езуге күлкі үйірмей қоймайды, алайда мұндай талып құлаудың аяғы жылауға да апаруы да мүмкін. Естен танып құлау жағдайдың себеп-салдарлары өте көп, ал кенеттен талып құлау бір түрлі таң қалуға алып келеді. Бірнеше минут ішінде, ал кейде тіпті санаулы секундтарда құлаудың алдында міндетті түрде бастың жеңіл айналуы пайда болады және жүрек айнаиды, содан кейін көз көруінің әр түрлі бұзылулары байқалады. Бір жағдайларда адамның көз алдына бәрі ақ-қара болып көрінеді, ал келесі жағдайларда — әрбір заттың контуры құбылмалы сәуле түрінде елестейді. Кей кезде көздің алдында жапалақтаған қар пайда болады, ақ және қара дақтар көз алдында ұшып жүреді. Өмірінде бір рет болса да бір талып құлаған адам, әрине, талып құлар алдында құлағында пайда болған соған ғана тән шуды есінде сақтайды. Осы құбылыстардың барлығы — талып құлаудың белгілерінен басқа ештеңе де емес. Әдетте талып құлау екі-

үш минуттан ұзаққа бармайды. Көптеген жағдайларда сонымен қатар қарашықтың жарыққа реакциясы және ұйқы артериясының соғысы сақталады.

Талып ұзақ уақытқа жатудың – себеп-салдары миға қан кету, қант диабеті және әр түрлі заттардан улану болып табылатын естен танудың (кома) дамуына алып келеді.

**Талып құлау** есінен тек қысқа уақытқа айрылу деп аталады.

Келесілер, міндетті түрде талып құлауға алып келеді, тері жамылғысының бозаруы, артериальдық қан қысымының күрт төмендеуі.

Кенеттен болған гипотония, артериальдық қысым (АҚ) деңгейі сынап бағанасы тілі. 80 мм түсіп кеткенде болады, оны КОЛЛАПС (лат. collabor — құлаймын) деп атау қабылданған.

#### **ТАЛЫП ҚАЛУДЫҢ НЫШАНДАРЫ:**

- Құлақтағы шулар.
- Көздің алды қарауыту немесе «майда дақтардың» ұшуы
- Бас айналу және құсу
- Беттің бозаруы және қимыл үйлесімділігінің бұзылуы.

Бұл терминді адамның құлауы деп те түсінуге болады және оның артериальдық қан қысымының түсуі деп те қарауға болады. Тіпті мынадай жағдайларда да, артериальды қан қысымы күрт төмендеген кезде, адам естен танбауы да мүмкін, бәрі бір коллапс туралы айтады. Бірақ қысқа ғана уақытта естен тану, артериальды қан қысымы деңгейінің қысқа уақыт түсіп кетуі, тек қана талып қалу деп аталады. Көптеген дәрігерлер, талып қалу және коллапсы – бұл сол бір процесстердің сыртқы көріністері деп санайды.

#### **ТАЛЫП ҚАЛУДЫҢ ӨТЕ ЖИІ КЕЗДЕСЕТІН СЕБЕПТЕРІ**

Талып қалудың және коллапстердің көптеген себептерін төмендегіше топтастыруға болады.

**Бірінші топқа** – себебіне жабық қан айналысының барлық жағдайлары кіреді, бұзылуы – баланың жатырдан тыс бітуі немесе аналыққа (яичник) қан кету, тоқ ішектің қан кетіп ойылуы немесе ішкі ағзалардың зақымдануымен іштің жабық жарақаты. Осы топқа және де қатты



терлеумен, көп құсумен немесе іш өтумен байланысты организмнің құрғауы кіреді.

**Екінші топқа** - әр түрлі улы заттармен қатты улану немесе тұмау, өкпе қабынуы сияқты аурулар кезіндегі интоксикация **кіреді**.

**Үшінші топ** — себезгі бөлмесінде (душта) жұмыс істеу немесе айналадағы температураның өте жоғары болуы (ыстық соғуы), отырған жерден кілт көтерілгенде, дене жағдайының жылдам ауысуы (ортостатикалық коллапс) сияқты бірқатар факторлар туғызады.

**Жеке топтағы** талып қалу себепін эмоциональды сілкініс және толқытатын жағдайлар құрайды.

Ақырында, ең соңғысы — жүрек ритмінің өрескел бұзылуы, мұндай жағдайда жүрек бір сәтке тоқтап қалады.


### **Алғашқы көмек**

Есінен тану себептеріне байланыссыз, әрекет ұйқы артериясы тамырының соғысын анықтаудан басталады (1-сурет). Тек қана ұйқы артериясы тамырының соғысы болғанда ғана, адам тірі бірақ есінен танып қалған деген тұжырым жасалады.

Маңызды! Ұйқы артериясы тамыры соқпаған жағдайда бірден жүрек-өкпе реанимациясын жасауға кірісу керек (9-тақырып).

Ұйқы артериясы тамыры соғып тұрса, бас миына қан легінің келуін арттыруға жылдам әрекет ету керек. Бұл үшін ауруды шалқасынан жатқызады және жіліншігіне білікше немесе бүктеп оралған киім қою арқылы оның аяғын сәл көтереді не болмаса, аяғын тізесінен бүгеді (2-сурет).

**Маңызды!** Белдегі белдікті, галстукті босату керек және жейденің жағасын ашып, түймелерін ағыту қажет, яғни бас миына қан легінің тезірек жетуіне кедергі болатындардың барлығын аластау керек.





Келесі әрекет тамырлардың тонусын арттыруға, нақтырақ айтқанда, қан айналымын орталықтандыруды тудыруға бағытталады.

Мұны жасау өте қарапайым: аурудың мұрына мақтаға тамызылған мүсәтір спирті тигізсе болды (3-сурет).

**Нәтижесі сені көп күттірмейді: қабақтары баяу дірілдеп, адам терең дем алады да, содан кейін есін жияды.**



**Маңызды!** Мүсәтір спирті – агрессивті сұйықтық. Егер оны көзге апаратын болса, ол оны соқыр етуі мүмкін. Мақтаға спиртті 1-2 тамшыдан артық тамызбаған дұрыс. Мүсәтір спиртінің сиқыры оның буы мұрынның иіс сезгіш рецепторын тітіркендіретіні сонша, адреналиндік шабуылға дейін оны қатты ауыртуымен түсіндіріледі, ал бұл қан айналымының қысқа мерзімді орталықтандырылуын тудырады және қалыпты тонды прекапиллярға жылдам қайтарады.



**Не істеу керек?** Егер мүсәтір спирті жоқ болса. Үстіңгі ерінде мұрынның қалқасында орналасқан нүктені саусақпен басу керек (4-сурет). Маңызды! Аталған мүсәтір спирті тиімді, ал екі жақ беттен алақанмен шапалақтау немесе суық су себудің жетістігі шамалы болады (5, 6-суреттер).



**Аштықтан талып қалу жағдайы:**

Ұзақ уақыт ашыққан кезде адамның ішектеріндегі шіріту бактериялары ашыту бактерияларымен ауыстырылады, ол өзінің тіршілік қарекетінде өте көп газ шығарады. Көлемі онша үлкен емес бір тілім қара нан (ашытқымен ашыған) немесе бір қасық ірімшік (ашыған сүттен ұйытып жасалған) аш адамның ішегін-



де көлемі өте үлкен газ шығарады. Ішекте жиналған газдар ішектің бір бөлігін созып, керсе енді екіншісін бұратады. Ішек тосқауылдарынан болған ажал өте қатты қиналумен бір тәуліктің ішінде жетеді.

**Болмайды!** Тамақтандыруға және газды сусындарды, шырындарды немесе сыраны ішкізуге.

Аштықтан талып қалу кезінде бірнеше тостақ қант қосылған қою шай ішкізу керек (7-сурет).

***Ішіне қан кетіп жатқанына күдіктенген жағдайда:***

Егер талып қалғаннан кейін зардап шегуші іші немесе белі айнала-сындағы қатты ауырудан жата алмайтын болса, ал тұрайын немесе отырайын десе қайтадан талып қалса («ванька-встанька»), онда оның ішінде өміріне қауіп төндіретін қан кетіп жатқанына күдіктену керек. Ол не себептен ағып жатқаны маңызды емес – көкбауырдың жарақаты немесе асқазанның жара ауруы, жатырдан тыс біткен жүктіліктің бұзылуы не болмаса әйелдердің аналығынан қан кетуі – кез-келген жағдайда, егер мұндай зардап шегуші бір сағаттың ішінде хирургиялық үстелде болмаса, ол қанның көп кетуінен өліп қалуы мүмкін.

**Үзілді-кесілді тиым салынады!** Қарынның іші қатты ауырған жағдайда ауруды басатын немесе спазмолитикалық дәрі таблеткаларын беруге үзілді-кесілді тиым салынады.

**БОЛМАЙДЫ! Көп сусын және тамақ беруге.**

1. Аяқтарының тізесін сәл көтеріп, «шалқасынан жатқан» жағдайын өзгертуге болмайды.

2. Беліндегі белдікті міндетті түрде босату керек.

3. Ішіне суық басу керек. Мүмкіндік болса «ауыр» суық – салмағы екі келі болатын, мұздатылған тұтас тауықты, 3 литрлік суық бөтелкені және суық суды т.б. сол секілді қанның ағуын басып тоқтататын және ағатын тамырларды тарылтатын және ауруды басатын заттарды қою керек.

Ішкі ағзалардан қан кету кезінде алғашқы минутынан бастап суық басылатын болса, дер кезінде ауруханаға жеткізгенге 2-3 сағат уақытты созады.

***Ыстық соғу салдарынан немесе күн өтуден талып қалған жағдайда:***

1. Зардап шегушіні көлеңкеге немесе салқын жерге жеткіз.
2. Басқа, кеудеге, ішке, табанға және алақанға суық басу керек. Бетке және маңдайға жеке орамал қою керек және оны әрбір 2-3 минутта ауыстырып отырған дұрыс.
3. Суық су берген дұрыс (ең жақсысы суық, тәтті шай, газсыз минеральды су), балмұздақ немесе мұз беру.

Маңызды! Қайтадан талып қалмау үшін, суық сұйықтықтарды өте көп мөлшерде, мүмкіндігінше жылдамдатып берген дұрыс болады.

Буға (пар) кіргенде ыстық соққан кезде немесе ылғалды ыстық климат жағдайында адам терлеумен сұйықтықты көп мөлшерін жоғалтатынын көмек көрсету кезінде ескеру керек.

**ЕСІНДЕ САҚТА!** Суық ретінде келесілерді (суық су құйылған бөтелкелерді немесе ақжаймалар мен ормалдарды) жекелеп бетке, кеудеге, ішке, табанға немесе алақанға пайдалануға болады.

***Не істеу керек?*** Егер зардап шегушінің беті тым бозарыңқы болса? Тез арада басына суық басып, аяқтарын сәл көтеріп қою керек.

***Не істеу керек?*** Зардап шегуші талып қалған кезде, беті өте қызарып тұрса және тырысып-құрысу серпіні байқалатын болса?

Мүмкіндігінше тез арада басына суық басу қажет. ***Мұндай жағдайда аяқты көтеруге еш болмайды.***

***Не істеу керек?*** Егер зардап шегушіге ауа жетпесе, демікпе немесе кеудесінде ауру пайда болса? Оны жартылай отырғызуды қамтамасыз ету керек.

***Маңызды!*** Талып қалудың кез-келген жағдайында, тіпті бірнеше секундқа естен танғанның өзінде, дәрігерге қаралу керек.

Егер үш минуттың ішінде ауру есін жинамаса, оны тезірек ішімен аударып жатқызып, басына суық басу керек.

**Кенеттен естен тану кезінде алғашқы көмек көрсету  
сызбасы (ұйқы артериясының тамыр соғуы бар болса)**

Ұйқы артериясының тамыр соғуы барлығына көз жеткізу

Аяқты сәл көтеріп, белдегі белдікті, галстукті босату керек және  
жейденің жағасын ашып, түймелерін ағыту қажет

Мүсәтір спиртін мақтаға тамызып мұрынға тигізу  
немесе ауырсыну нүктесін басу

Егер үш минуттың ішінде есін жимаса, науқасты тезірек ішімен  
аударып жатқызып, басына суық басу керек.

Талып қалудың барлық кезінде де дәрігер шақыру қажет

**ЖОЛ БЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ!**

Қайталама талып қалу кезінде және «Ванька-встанька» симптомын-  
да ішке немесе белге жылытатын зат қоюға болмайды.

Талып қалғандығын жақындарынан және дәрігерден жасыруға  
болмайды.

***БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:***

1. Талып қалудың себептері неде?
2. Талып қалу кезінде тамыр соғысын анықтау керек пе?
3. Талып қалу кезінде тәтті қосылған қою шай беруге бола ма?
4. Дымқыл орамалды қанша уақыт сайын ауыстырып отыруға бо-  
лады?
5. Талып қалу кезінде ішке немесе белге жылытатын зат қоюға  
бола ма?